

This file has been cleaned of potential threats.

If you confirm that the file is coming from a trusted source, you can send the following SHA-256 hash value to your admin for the original file.

0d84cacf9ddc540b0520956e706c14c5c26272baf24f0f579f7ecb78524b296e

To view the reconstructed contents, please SCROLL DOWN to next page.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Балалардың құқықтарын қорғау комитеті» РММ**

**БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУ
ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ БОЙЫНША
ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ**

**Ата-аналарға, балалардың құқықтарын қорғау
мәселелерімен айналысатын білім органдары
мен ұйымдарының мамандарына арналған
әдістемелік құрал**

Астана, 2017

***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша***

Балалардың құқықтық қорғалу деңгейін анықтау бойынша әлеуметтік зерттеу/Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, «Қоғамдық пікір» зерттеу институты. – Астана:- 2017. – 79 б.

Басылым Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша 2017 жылы жүргізілген кешендік әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері бойынша әзірленді.

Әлеуметтік зерттеу келесі топтарға жүргізілді: 10 – 17 жас аралығындағы балалар арасында – репрезентативті іріктеме бойынша 800 респондент, балалар үйіндегі 10 – 17 жас аралығындағы балалар арасында – 200 респондент, ата-аналар – 150 респондент, білім беру саласының жұмыскерлері – 150 респондент, оқытушылар – 150 респондент, сарапшылық сауалнама – 50 сарапшы.

Жалпы білім беретін орта мектептердің педагогтарына, әлеуметтік педагогтарға, мектеп психологтарына, балалар үйінің тәрбиешілеріне ұсынылады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
Балалардың амандығына бағытталған қолданыстағы әлеуметтік саясат	4
Әлеуметтік зерттеу нәтижелері	11
ҚР-дағы балалардың өз құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттылық деңгейі	11
Балалардың құқықтық білімдерін өмірде қолдануына әсер ететін факторлар	15
Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі	19
Балалардың шынайы өмірі көрініс беретін амандықты анықтаушы негізгі факторлар	25
Балалардың өміріндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	56
Балалардың құқықтық қорғалу тетіктері	66
Балалардың инклюзивті білім беруге қатынасы	69
Қазақстанда баланың құқықтарын қорғау саласындағы ахуал (сарапшылардың пікірі)	73
Қорытындылар	75
Ұсыныстар	77

Кіріспе

Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы 1990 жылы күшіне енді. Содан бері бүкіл әлемде баланың құқықтарын сақтау жағдайларын бағалау бойынша зерттеулер тұрақты жүргізіліп келеді, олар негізінен балалардың өз құқықтары туралы ақпараттылық деңгейіне назар аударады. Қазақстан Республикасы 1994 жылы Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады, сондай-ақ, балалардың құқықтарын қорғау және сақтау бойынша зерттеу тәжірибесін енгізді.

Кейінгі 6 жылда республикада балалардың жағдайын жақсарту бойынша көп күш жұмсалды: заңнамалық база нығайтылды, Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкіл (омбудсмен) институты құрылды, ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды, инклюзивті білім беру енгізілуде және т.б. Осы зерттеу еліміздегі баланың құқықтарын сақтау жөніндегі жағдай қаншалықты өзгергенін түсіну қажеттігіне негізделді.

Осы зерттеуде Қазақстан Республикасындағы балалар өмірінің түрлі аспектілеріндегі ағымдағы жағдайын және әлеуметтік қорғалу деңгейін бағалау бойынша әлеуметтік зерттеудің нәтижелері, балалардың өз құқықтарын білуі мен оларды іс жүзінде пайдалану деңгейінің сандық-сапалық сипаттамасы ұсынылатын болады. Сондай-ақ, ата-аналардың, қамқоршылардың, педагогтар мен тәрбиешілердің Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясының ережелерін орындауына қатысты жағдай көрсетіледі.

Балалардың амандығына бағытталған қолданыстағы әлеуметтік саясат

Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңымен реттеледі. Сонымен қатар, Қазақстан 1994 жылы Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясын ратификациялады. 2000 және 2001 жылдары Қазақстан Бала құқықтары туралы конвенцияның Факультативтік хаттамаларына қол қойды, олар балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына, балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты болды, 2005 жылы «Балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты дереу іс-қимыл жасау бойынша Люблян міндеттемесіне» қол қойды.

Қазақстан балалардың құқықтарына қатысты саясатты - мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы екенін мәлімдеді. Қазақстан балалардың құқықтарына қатысты он бестен астам халықаралық құжатты ратификациялады, 2016 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» конвенцияны, «Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі туралы конвенцияны

және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттаманы» ратификациялады.

Қазақстандағы балалардың құқықтары «Неке және отбасы туралы» Кодексте және «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Заңдарында бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 10 ақпандағы №192 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды, бұл институт Қазақстанда балалардың құқықтарына мониторинг жасаудың және оларды қорғаудың қосымша тетігі болуға бағытталған.

Ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды қорғау жүйесі үнемі жетілдіріліп отырады.

Балалардың құқықтарын қорғауға қатысты ұлттық заңнамалық базаны құру, сондай-ақ, балалардың құқықтарын қорғауға арналған халықаралық конвенциялар мен құжаттарды ратификациялау, балалардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру балалардың құқықтарын қорғауды дамытудың алға басуын және Қазақстанның балалардың барлық құқықтарын қамтамасыз етуге деген пәрменді ұмтылысын растайды.

Зерттеудің өзектілігі

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстан балалардың құқықтарын қорғау және баланың лайықты өмір сүруі мен дамуына бағытталған шараларды қамтамасыз ету үшін күш жұмсады. 1994 жылғы 8 маусымда Қазақстан Республикасы Нью-Йоркте 1994 жылғы 16 ақпанда қол қойылған 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады, содан кейін 2002 жылғы 8 тамызда Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңға қол қойылды.

ҚР Президентінің 2016 жылғы 10 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды. Жарлыққа сәйкес «Уәкілдің негізгі мақсаттары балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимылда

балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру болып табылады».

Қазіргі уақытта, ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша, 2016 жылы Қазақстанда шамамен 5 460 449 бала тұрады (0 – 17 жас аралығы)¹.

Қазақстан Республикасында Тәуелсіздік жылдарында баланың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі 16 халықаралық шартқа қол қойылды, сондай-ақ, балалардың құқықтарына қатысты 60-тан астам нормативтік құқықтық актіге қол қойылды. Осыған қарамастан, қазақстандық заңнаманы балалардың құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарына толық сәйкестікке келтіру қажет.

Балалардың құқықтары бойынша зерттеулердің едәуір санына қарамастан, бүгінгі күнге дейін балалардың жағдайына жан-жақты мониторинг жүргізілмеуі, халықтың балалардың құқықтары туралы ақпараттылық деңгейі туралы мәліметтердің жоқтығы зерттеудің өзектілігіне негіз болды (Бала құқықтары туралы конвенцияның 42-бабы былай деп белгілейді: «мемлекет барлық ата-аналар мен балалардың осы конвенциямен кеңінен танысып, хабардар болуын қамтамасыз етуі тиіс»), балалардың амандығының деңгейін көрсететін стандартты көрсеткіштер жүйесі қалыптаспаған.

Зерттеу мақсаты – балалардың өз құқықтары турасында құқықтық қорғалуының ағымдағы жағдайын бағалау.

Зерттеу нысаны – халықтың Қазақстан Республикасындағы балалар өмірінің түрлі салаларындағы құқықтық қорғалуының ағымдағы жағдайы туралы пікірі.

Объект – мектеп жасындағы балалар, балабақша тәрбиешілері, ата-аналар, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері мен әкімшілігі, балалардың құқықтарын қорғау мәселесімен айналысатын мамандар.

Зерттеу мақсаты келесі тармақтардан тұрады:

- балалардың өз құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттылық деңгейін зерттеу;
- Қазақстан Республикасындағы балалардың өз құқықтары туралы ақпараттылық деңгейін анықтау;
- балалардың өз білімдерін өмірде қолдануына әсер ететін факторларды анықтау;
- балалардың құқықтық қорғалу деңгейін анықтау;
- балалардың шынайы өмірі көрініс беретін амандықты анықтаушы негізгі факторларды зерттеу және анықтау;
- әлеуметтік-психологиялық және басқа да факторлардың өлшемдерін белгілеу;
- балалардың амандығына бағытталған қолданыстағы әлеуметтік саясатты бағалау;

¹ ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2016 жылғы статистикалық деректері.

- балалардың өмірін қозғайтын негізгі мүмкіндіктер мен қиындықтар және қалалар мен ауылдарда құқықтарды іске асырудағы айырмашылықты анықтау;
- ата-аналардың, педагогтардың, тәрбиешілердің, бала тәрбиесіне қатысатын басқа тұлғалардың, мемлекеттік қызмет өкілдерінің Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясының негізгі ережелерін орындауын анықтау;
- аталмыш әлеуметте көпшіліктен ерекшеленетін балалармен қарым-қатынас жасаудың әдістерін, тәсілдерін және психологиялық негіздерін анықтау;
- мектептегі салауатты моральдық-психологиялық ахуалды және процеске қатысушылардың барлығының, соның ішінде ата-аналар мен балалардың тілектестік қарым-қатынасын зерттеу;
- құқықтық қорғалуды арттыру бойынша қолдағы қорғау тетіктерін анықтау;
- ата-аналарға, білім беру органдары мен ұйымдардың балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын мамандарына ұсыныстар әзірлеу.

Біз осы зерттеудің тақырыбы бойынша бірнеше болжам ұсынамыз:

- Қазақстанда бүгінгі таңда балалардың, ата-аналар мен педагогтардың баланың құқықтары туралы ақпараттылық деңгейі 50%-дан аспайды;
- Қазақстанда бүгінгі таңда балалардың жарияланған құқықтары мен нақты қамтамасыз етілетін құқықтары арасында алшақтық бар;
- Қазақстанда бүгінгі таңда қалалар мен ауылдарда баланың құқықтарын іске асыруда айырмашылық бар.

Зерттеу ҚР 14 облысында және Астана, Алматы қалаларында жүргізілді.

Әлеуметтік зерттеу әдіснамасы

Зерттеу сандық (сауалнамалау) және сапалық (терең сұхбат) зерттеу әдістерінен тұрады. Сауалнама жүргізу арқылы 1450 респондентке сауалдар қойылды: 10 және 17 жас аралығындағы 1000 бала: олардың ішінде отбасында тәрбиеленетін 800 бала және балалар үйінде тәрбиеленетін 200 бала, ата-аналар (150 респондент), педагогтар (150 респондент), оқу-тәрбие мекемелері әкімшіліктерінің өкілдері (150 респондент) бар. Сапалық зерттеу үшін 50 сарапшы мен орта білім саласының мамандарына терең сұхбат жүргізілді.

Мерзімділігі: жылына 2 рет.

1-ші өлшемнің дала жұмыстары 2017 жылғы 1 және 25 тамыз аралығында жүргізілді. 2-ші өлшемнің дала жұмыстары 2017 жылғы 25 қыркүйек пен 16 қазан аралығында жүргізілді.

Сондай-ақ, зерттеу әдіснамасы мен аспаптарын әзірлеу кезінде «Инноченти» ЮНИСЕФ зерттеу орталығының балалардың амандығын бағалау жөніндегі тәжірибесі ескерілді².

Бала құқықтары туралы конвенцияның негізгі қағидаларының бірі әрбір баланың өмір сүруге, дамуға деген ажырамас құқығы болып табылады, оның астарында баланың физикалық денсаулығы, оның зияткерлік, эмоциялық, когнитивтік, әлеуметтік және мәдени дамуы түсінік береді. Сондықтан түрлі зерттеулерді орындау кезінде осы көрсеткіштер есепке алынады.

² https://www.unicef.org/eca/Social_Monitor_Regional_Report.pdf

ІРІКТЕМЕ ЖИЫНТЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ, 1000 РЕСПОНДЕНТ

(800 респондент бала, 200 жетім бала) (10 – 17 жас аралығы)

№	Облыс	200 респондент*			800 респондент**					
		Балалар үйінде тәрбиеленушілер			Балалар					
		Іріктеме жиынтық	Негізгі іріктеме		Негізгі іріктеме			Негізгі іріктеме		
	Іріктеме/200 респондент (балалар үйлері, интернаттар)	Пайыз	Жетім балалардың саны	Іріктеме/800 респондент	қалалық	ауылдық	*10 - 17 жас аралығындағы тұрғында саны	қалалық	ауылдық	
оңтүстік										
1	Алматы	22	10,9	3104	90	20	70	214561	48487	166074
2	Жамбыл	11	5,4	1540	58	22	36	138307	51711	86596
3	Қызылорда	7	3,4	973	41	16	25	97665	38324	59341
4	ОҚО	19	9,5	2702	168	69	99	399207	163490	235717
солтүстік										
5	Павлодар	13	6,3	1784	29	19	10	68941	44417	24524
6	Қостанай	17	8,7	2483	35	16	19	82096	36905	45191
7	СҚО	10	5,0	1431	23	8	15	54830	18554	36276
батыс										
8	БҚО	7	3,4	954	27	11	16	63411	25903	37508
9	Атырау	4	2,1	605	29	13	16	69409	30225	39184
10	Маңғыстау	4	2,0	580	32	15	17	76320	35036	41284
11	Ақтөбе	8	4,0	1130	36	20	16	84637	47120	37517
шығыс										
12	ШҚО	21	10,6	3009	54	28	26	128317	66748	61569
орталық										
13	Ақмола	14	7,0	1995	32	13	19	76998	32129	44869
14	Қарағанды	25	12,7	3608	57	42	15	135825	100834	34991
15	Астана	7	3,4	980	30	30		72086	72086	
16	Алматы	11	5,4	1541	58	58		135952	135952	
Барлығы		200	100	28419	800	400	400	1898562	947 921	948641

*ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2016 жылғы статистикалық деректері және «Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары саласындағы негізгі көрсеткіштер» жинағының 3-тармағы Туылғаннан бастап 18 жасқа дейінгі жетім балалар және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар туралы жалпы мәліметтер (УО деректері бойынша).

**Негізгі іріктеме ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2016 жылғы статистикалық деректеріне сәйкес негізгі жиынтыққа сүйене отырып есептелді.

**НЫСАНАЛЫ АУДИТОРИЯЛАРДЫҢ ІРІКТЕМЕ ЖИЫНТЫҒЫН ЕСЕПТЕУ
(АТА-АНАЛАР ЖӘНЕ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ - 450
респондент)**

№	Облыс		Ата-аналар	Педагогтар мен оқу-тәрбие мекемелері әкімшіліктерінің өкілдері
1	Алматы	қала	5	10
		ауыл	4	9
2	Жамбыл	қала	5	10
		ауыл	4	9
3	Қызылорда	қала	5	10
		ауыл	4	9
4	ОҚО	қала	5	10
		ауыл	4	9
5	Павлодар	қала	5	10
		ауыл	4	9
6	Қостанай	қала	5	10
		ауыл	4	9
7	СҚО	қала	4	10
		ауыл	4	10
8	БҚО	қала	4	10
		ауыл	4	10
9	Атырау	қала	4	10
		ауыл	4	10
10	Маңғыстау	қала	4	10
		ауыл	4	10
11	Ақтөбе	қала	4	10
		ауыл	4	10
12	ШҚО	қала	5	10
		ауыл	4	9
13	Ақмола	қала	4	10
		ауыл	4	10
14	Қарағанды	қала	5	10
		ауыл	4	9
15	Астана	қала	15	14
16	Алматы	қала	15	14
Барлығы			150	300

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ҚР-ДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

Балалардың өз құқықтары туралы білуі. Екі әлеуметтік өлшемнің нәтижелері бойынша келесі серпін байқалады:

Өз құқықтары туралы білетін респонденттердің пайызы өсті: балаларда - 82,4% (1-кесінді), 94,3% (2-кесінді), балалар үйіндегі балаларда - 80,9% (1-кесінді), 94,5% (2-кесінді). Көрсеткіштердің оң серпіні келесі жағдайларға байланысты болуы мүмкін: 1-кесіндінің көрсеткіштері 3-тоқсандағы сауалнаманың нәтижесі болып табылады, ол тамыз айында – демалыс мезгілінде жүргізілді, ал 2-кесіндінің көрсеткіштері 4-тоқсандағы сауалнаманың нәтижесі болып табылады, бұл сауалнама оқу жылы басталған уақытта жүргізілді. Әдетте, балалар демалыс мезгілінде сұрақтарға жауап беру кезінде төмен зейін танытады, ал сабақ кезінде олар жұмылдырылады және неғұрлым жинақы жауап береді. Сондай-ақ, жауаптарға балалардың құқықтық сауаттылығын көтеру бойынша орта оқу орындарында жүргізілген жұмыстар әсерін тигізуі мүмкін.

1-кесте

СІЗ ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

(балалардың жауаптары, 1000 респондент)

Жауап нұсқалары	Балалар үйіндегі балалардың жауабы				Балалардың жауабы ³			
	1 толқын		2 толқын		1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%	N	%	N	%
Иә, мен өзімнің барлық құқығымды жақсы білемін	131	65,4	149	74,5	436	54,5	535	66,9
Иә, құқығымды білемін, бірақ нашар	31	15,5	40	20,0	223	27,9	219	27,4
Құқық туралы естуім бар, бірақ не екені есімде жоқ	20	10,0	7	3,5	87	10,9	39	4,9
Жоқ, құқығым туралы ештеңе білмеймін	18	9,1	4	2,0	54	6,7	7	0,8
Барлығы	200	100,0	200	100,0	800	100,0	800	100,0

Егер осы нәтижелерді 2016 жылғы сауалнаманың нәтижелермен салыстыратын болсақ, онда біз отбасында тұратын балалардың өз құқықтары туралы білу деңгейі 2017 жылы біршама артқанын көреміз.

³ Қалыпты отбасында тұратын балалардың жауаптары

СІЗ БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Жауап нұсқалары	Балалардың жауабы, 2016 ⁴	Балалардың жауабы, 2017		Балалар үйіндегі балалардың жауабы, 2017	
		1 толқын	2 толқын	1 толқын	2 толқын
Иә, мен өзімнің барлық құқығымды жақсы білемін	80,1	82,4	94,3	80,9	94,5
Құқық туралы естуім бар, бірақ не екені есімде жоқ	12	10,9	4,9	10,0	3,5
Жоқ, құқығым туралы ештеңе білмеймін	7,9	6,7	0,9	9,1	2,0
Барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0

Балалардың өз міндеттері туралы білуі. Сауалнама жүргізудің бірінші толқыны кезінде балалар үйіндегі балалардың өз міндеттері туралы білуі - 95,5%, ал екінші толқын кезінде – 94,5% болды.

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде отбасында тұратын балалардың 92,1%-ы өз міндеттері туралы білетін болып шықты, ал сауалнаманың екінші толқыны кезінде міндеттерді білу деңгейі 91,2% болды.

СІЗ ӨЗ МІНДЕТТЕРІҢІЗ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ? (Балалардың жауабы, 1000 респондент)

Жауап нұсқалары	Балалар үйіндегі балалардың жауабы				Балалардың жауабы ⁵			
	1 толқын		2 толқын		1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%	N	%	N	%
Иә, мен өзімнің барлық міндеттерімді жақсы білемін	176	88,0	161	80,5	550	68,8	573	71,6
Иә, міндеттерімді білемін, бірақ нашар	15	7,5	28	14,0	186	23,3	157	19,6
Міндет туралы естуім бар, бірақ не екені есімде жоқ	9	4,5	10	5,0	38	4,8	61	7,6
Жоқ, міндеттерім туралы ештеңе білмеймін	-	-	1	0,5	26	3,1	9	1,2
Барлығы	200	100,0	200	100,0	800	100,0	800	100,0

Баланың құқықтарын қолдайтын заңдарды білуі. Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңын балалар үйіндегі балалардың 49,0%-ы және қалыпты отбасында тұратын балалардың 56,1%-ы білетіні анықталды. Сауалнаманың екінші толқыны кезінде «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңын балалар үйіндегі балалардың

⁴ Қазақстанда балалардың құқықтық қорғалу деңгейі. Ата-аналарға, балалардың құқықтарын қорғаумен айналысатын органдар мен білім беру ұйымдарының мамандарына арналған әдістемелік құрал//Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, «Сандж зерттеу орталығы», 2016 ж.

⁵ Қалыпты отбасында тұратын балалардың жауабы

76,0%-ы және қалыпты отбасында тұратын балалардың 71,3%-ы білетін болып шықты.

Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясын балалар үйіндегі респонденттердің 34,5%-ы және отбасымен тұратын балалардың 45,6%-ы білетін. Сауалнаманың екінші толқыны кезінде, Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясын балалар үйіндегі респонденттердің 69%-ы және отбасымен тұратын балалардың 28,8%-ы білетін болып шықты.

4-кесте

СІЗ ... ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ? (балалардың жауабы, 1000 респондент)

Жауап нұсқалары	Балалар үйіндегі балалардың жауабы								Балалардың жауабы ⁶							
	1 толқын				2 толқын				1 толқын				2 толқын			
	Иә, білемін		Жоқ, білмеймін		Иә, білемін		Жоқ, білмеймін		Иә, білемін		Жоқ, білмеймін		Иә, білемін		Жоқ, білмеймін	
	N	%	N	%	N	%	N	%	N	%	N	%	N	%	N	%
...«Қазақстан Республикасын дағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы...	98	49,0	102	51,0	152	76,0	48	24,0	449	56,1	351	43,9	570	71,3	230	28,7
...Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы...	69	34,5	131	65,5	138	69,0	62	31,0	365	45,6	43,9	54,4	470	58,8	330	41,3

ОРТАША КӨРСЕТКІШ, білудің үш көрсеткіші негізінде құрылды:

- 1) балалардың өз құқықтары туралы білуі,
- 2) балалардың өз міндеттері туралы білуі,
- 3) баланың құқықтарын қорғайтын заңдар туралы білуі.

№5 кестеде Қазақстандағы балалардың өз құқықтарын, міндеттерін және заңдарды білуінің **орташа көрсеткіші** 2016 жылмен салыстырғанда артқанын көруге болады.

5-кесте

БАЛАЛАРДЫҢ ЗАҢДАРДЫ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН БІЛУІНІҢ ОРТАША КӨРСЕТКІШІ (%)

Көрсеткіштер	Балалардың жауабы, 2016 ⁷	Балалардың жауабы, 2017	Балалар үйіндегі балалардың жауабы, 2017
балалардың өз құқықтары туралы білуі	80,1	82,4	80,9
балалардың өз міндеттері туралы білуі	91,6	92,1	95,5
балалардың баланың құқықтарын қорғайтын заңдар туралы білуі	37,4	50,9	41,8
Орташа көрсеткіш	69,8	75,1	72,7
	69,8		73,9

⁶ Қалыпты отбасында тұратын балалардың жауабы

⁷ Қазақстанда балалардың құқықтық қорғалу деңгейі. Ата-аналарға, балалардың құқықтарын қорғаумен айналысатын органдар мен білім беру ұйымдарының мамандарына арналған әдістемелік құрал//Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, «Сандж зерттеу орталығы», 2016 ж.

Респонденттердің «қала-ауыл» тұрғысынан пікірлері

Ауылдық елді-мекендердегі балалар қалалық балаларға қарағанда өз құқықтары туралы біршама көбірек біледі (сауалнаманың бірінші толқыны - 84,5% және 89,6%, екінші толқыны - 92,4% және 96,2%). №6 кестеден қала және ауыл балаларының өз құқықтарын білу деңгейінің айтарлықтай артуын көре аламыз.

6-кесте

СІЗ ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ БІЛЕСІЗ БЕ? (балалардың жауабы, 800 респондент)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
Иә, мен өзімнің барлық құқығымды жақсы білемін	53,8	64,0	59,2	74,7
Иә, құқығымды білемін, бірақ нашар	30,7	25,6	33,2	21,5
Құқық туралы естуім бар, бірақ не екені есімде жоқ	8,2	4,0	5,9	3,8
Жоқ, құқығым туралы ештеңе білмеймін	7,3	6,3	1,7	-

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде ауылдық респонденттердің қалалықтарға қарағанда өз міндеттері туралы көбірек білетіні анықталған болатын – 96,0% (ауыл), 87,1% (қала). Сауалнаманың екінші толқыны кезінде бұл жағдай өзгерген жоқ (№7 кесте).

7-кесте

СІЗ ӨЗ МІНДЕТТЕРІНІЗ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ? (балалардың жауабы, 800 респондент)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
Иә, мен өзімнің барлық міндеттерімді жақсы білемін	65,4	71,5	61,6	81,8
Иә, міндеттерімді білемін, бірақ нашар	21,7	24,5	22,0	17,2
Міндет туралы естуім бар, бірақ не екені есімде жоқ	8,5	1,8	14,4	0,8
Жоқ, міндеттерім туралы ештеңе білмеймін	4,5	2,2	2,0	0,3

№8 кестеден «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы мен Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы туралы білудің пайызы сауалнаманың бірінші толқынындағы нәтижелерімен салыстырғанда қалада да, ауылда да жоғары екенін көре аламыз. Сондай-ақ, ауыл балаларының ақпараттылық деңгейі айтарлықтай артқан.

8-кесте

СІЗ ... ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ? (балалардың жауабы, 1000 респондент)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы				
Иә, білемін	57,5	55,1	63,4	79,3
Жоқ, білмеймін	42,5	44,9	36,6	20,7
Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы				
Иә, білемін	45,6	45,6	53,0	64,6
Жоқ, білмеймін	54,4	54,4	47,0	35,4

БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМДЕРІН ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Балалар өз құқықтары туралы білімді отбасынан және білім мекемелерінен алады. Олар өскелең ұрпақтың құқықтық санасын қалыптастырады және олардың құқықтық білімдерін өмірде қолдануына тікелей әсерін тигізеді. Егер отбасын баланың құқықтық санасын қалыптастырудың бейресми көздеріне жатқызатын болсақ, онда мектеп және басқа да оқу орындары құқықтық білімнің ресми көздері болып табылады, олар құқықтық санасы бар тұлғаны қалыптастыратын болады. Сондықтан, баланың құқықтық санасы, оның өз құқықтарын тану және өмірде қолдану қабілеті педагогқа, тәрбиешіге және мектеп әкімшіліктеріне байланысты болады.

Педагогтардың басым көпшілігі «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы туралы біледі (1-кесінді - 93,7%, 2-кесінді - 93,3%). Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы туралы педагог-респонденттердің сәл төмен пайызы біледі (1-кесінді - 86,3%, 2-кесінді - 86,7%).

9-кесте

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЗАҢДАР ТУРАЛЫ БІЛІМІ (%)

Жауап нұсқалары	Иә, білемін		Жоқ, білмеймін		Ж/Қ	
	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.
«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы туралы білесіз бе?	93,7	93,3	1,3	4,0	5,0	2,7
Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы туралы білесіз бе?	86,3	86,7	3,7	6,7	10,0	6,6

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде анық болғандай, 85,4% педагог баланың құқықтары туралы жақсы білемін деп есептейді, 14,3% - білемін, бірақ нашар деп жауап берді. Сауалнаманың екінші толқындағы нәтижелері бойынша, «иә, мен балалардың құқығы туралы барлығын жақсы білемін» деп жауап бергендердің пайызы өзгерген жоқ (85,7%), алайда «Балалардың құқығы туралы естуім бар, бірақ не екені есімде жоқ» деп жауап берген респонденттердің пайызы артты (1-кесінді – 0,3%, 2-кесінді – 2,7%). Сондай-ақ, «жоқ, балалардың құқығы туралы ештеңе білмеймін» деген жауап айтқан респонденттер пайда болды (1-кесінді – 0, 2-кесінді – 1%).

СІЗ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

(педагогтардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә, мен балалардың құқығы туралы барлығын жақсы білемін	256	85,4	257	85,7
Иә, балалардың құқығы туралы білемін, бірақ нашар	43	14,3	32	10,7
Балалардың құқығы туралы естуім бар, бірақ не екені есімде жоқ	1	0,3	8	2,7
Жоқ, балалардың құқығы туралы ештеңе білмеймін	-	-	3	1,0
Барлығы	300	100,0	300	100,0

Егер педагогтардың балалардың міндеттері туралы ақпараттылық нәтижелерін салыстыратын болсақ, екінші толқын кезінде «иә, мен балалардың міндеттері туралы барлығын жақсы білемін» деген жауаптардың пайызы төмендегенін көре аламыз, (1-кесінді - 84%, 2-кесінді – 80,3%), бірақ «иә, балалардың міндеттері туралы білемін, бірақ нашар» деген жауаптардың саны 13,7%-дан 16,3%-ға дейін артқан.

СІЗ БАЛАЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

(педагогтардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә, мен балалардың міндеттері туралы барлығын жақсы білемін	252	84,0	241	80,3
Иә, балалардың міндеттері туралы білемін, бірақ нашар	41	13,7	49	16,3
Балалардың міндеттері туралы естуім бар, бірақ не екені есімде жоқ	6	2,0	10	3,3
Жоқ, балалардың міндеттері туралы ештеңе білмеймін	1	0,3	0	0,0
Барлығы	300	100,0	300	100,0

Егер сауалнаманың бірінші толқыны кезінде респондент педагогтардың жартысынан сәл астамы ғана Баланың құқықтары жөніндегі Омбудсмен жұмысы туралы білген болса (54,3%), екінші толқын кезінде 61,7% педагог Баланың құқықтары жөніндегі Омбудсмен жұмысы туралы білетінін айтты.

СІЗ БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ (ОМБУДСМЕН) ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

(педагогтардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	163	54,3	185	61,7
Жоқ	47	15,7	29	9,7
Естуім бар	83	27,7	70	23,3
Жауап беруге қиналамын	7	2,3	16	5,2
Барлығы	300	100,0	300	100,0

Сауалнаманың бірінші толқынындағы нәтижелеріне қарайтын болсақ, балаларға арналған «111» сенім телефоны бар екені, оған балалардың құқығын қорғау мәселесімен хабарласуға болатыны туралы сауалнамаға қатысқан педагогтардың 65%-ы білетіні анықталды. Сауалнаманың екінші толқыны көрсеткен нәтижелерге сәйкес, 78,7% педагог балаларға арналған сенім телефоны туралы білетін болып шықты.

13-кесте

СІЗ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «111» СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ БАР ЕКЕНІН, ОҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІМЕН ХАБАРЛАСУҒА БОЛАТЫНЫН БІЛЕСІЗ БЕ? (педагогтардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	<i>N</i>	<i>%</i>	<i>N</i>	<i>%</i>
Иә	195	65,0	236	78,7
Жоқ	35	11,7	23	7,7
Естуім бар	66	22,0	37	12,3
Жауап беруге қиналамын	4	1,3	4	1,3
Барлығы	300	100,0	300	100,0

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде педагогтардың шамамен төрттен бірі (24,3%) келесі сұраққа жауап бере алмады: «Сіз баланың құқығын қорғау мақсатында қайда хабарласу керек екенін білесіз бе?». Екінші толқын кезінде олардың пайызы азайды (20%).

14-кесте

СІЗ БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ? (педагогтардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	<i>N</i>	<i>%</i>	<i>N</i>	<i>%</i>
Иә	221	73,7	232	77,3
Жоқ	26	8,6	21	7,0
Естуім бар	47	15,7	39	13,0
Жауап беруге қиналамын	6	2,0	8	2,7
Барлығы	300	100,0	300	100,0

Сауалнаманың бірінші толқыны көрсеткендей, педагог-респонденттердің жартысы баланың құқығын қорғауға арналған дөңгелек үстел отырыстарына, семинарларға, тренингтерге сирек қатысады немесе ондай іс-шараларға мүлдем қатыспайды (52,4%). Екінші толқын барысында 63,4% педагог баланың құқығын қорғауға арналған іс-шараларға сирек қатысатынын немесе ондай іс-шараларға мүлдем қатыспайтынын айтты.

15-кесте

СІЗ БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ОТЫРЫСТАРЫ, СЕМИНАР, ТРЕНИНГТЕРГЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҚАТЫСАСЫЗ?
(педагогтардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Жиі	133	44,3	99	33,0
Сирек	113	37,7	155	51,7
Қатыспаймын	44	14,7	35	11,7
Жауап беруге қиналамын	10	3,3	11	3,7
Барлығы	300	100,0	300	100,0

Сауалнаманың бірінші толқыны көрсеткендей, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң туралы 64,7%, Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы туралы 53,3% респондент ата-ана ғана біледі. Сауалнаманың екінші толқыны кезінде, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң туралы 70,7%, Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы туралы 44 % респондент ата-ана ғана білетіні анық болды. Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы туралы білетін ата-аналардың пайызы 28,7%-дан 40,7%-ға дейін артты.

16-кесте

АТА-АНАЛАРДЫҢ ЗАҢДАР ТУРАЛЫ БІЛУІ (%) (ата-аналардың жауабы)

Жауап нұсқалары	Иә, білемін		Жоқ, білмеймін		Жауап беруге қиналамын		Барлығы
	1 толқын	2 толқын	1 толқын	2 толқын	1 толқын	2 толқын	
«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы туралы білесіз бе?	64,7	70,7	22,0	21,3	13,3	8,0	100,0
Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы туралы білесіз бе?	53,3	44,0	28,7	40,7	18,0	15,3	100,0

Сауалнаманың бірінші толқынында ата-аналардың 28%-ы ғана баланың құқықтары жөніндегі омбудсмен жұмысы туралы білетіні анық болса, екінші толқында олардың пайызы 35,3% болды.

17-кесте

СІЗ БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ (ОМБУДСМЕН) ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ? (ата-аналардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	42	28,0	53	35,3
Жоқ	54	36,0	41	27,3
Естуім бар	44	29,3	50	33,3
Жауап беруге қиналамын	10	6,7	6	4,0
Барлығы	150	100,0	150	100

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде Омбудсмен жанындағы сенім телефоны туралы ата-аналар тобындағы респонденттердің 34,7%-ы ғана білетіні анықталды. Сауалнаманың екінші толқыны көрсеткен нәтижелер бұл көрсеткіштің айтарлықтай артқанын көрсетті (64,7% ата-ана).

18-кесте

СІЗ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «111» СЕІМ ТЕЛЕФОНЫ БАР ЕКЕНІН, ОҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІМЕН ХАБАРЛАСУҒА БОЛАТЫНЫН БІЛЕСІЗ БЕ? (ата-аналардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	52	34,7	97	64,7
Жоқ	65	43,3	17	11,3
Естуім бар	28	18,7	34	22,7
Жауап беруге қиналамын	5	3,3	2	1,3
Барлығы	150	100,0	150	100

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде анық болғандай, балалардың құқықтарын қорғау мақсатында қайда хабарласуға болатынын ата-аналардың жартысы ғана білетін болса (48%), екінші толқын кезінде бұл туралы 68% ата-ана білетін болған.

19-кесте

СІЗ БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ? (ата-аналардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	72	48,0	102	68,0
Жоқ	50	33,3	16	10,7
Естуім бар	22	14,7	22	14,7
Жауап беруге қиналамын	6	4,0	10	6,7
Барлығы	150	100,0	150	100,0


БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУ ДЕҢГЕЙІ

Сауалнаманың бірінші толқынындағы нәтижелер келесіні көрсетті: 84,4% бала өз құқықтарын сақталады деп есептейді, олардың ішінде 67,1% өз құқықтарының толығымен сақталатынына сенімді, ал 17,3% - құқықтарының жартылай сақталатынын айтты. Сұралған балалардың 12,7%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналды. 2,8% респондент балалардың құқықтары тек сөз жүзінде сақталады деп есептейді.

Екінші толқын кезінде 91,4% бала құқықтарының сақталатынын айтты (78,3% - толығымен сақталады, 13,1% - жартылай сақталады).

1-диаграмма

СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, СІЗДІҢ БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ САҚТАЛА МА?
(балалардың жауабы)



Сауалнаманың бірінші толқынында қыздар мен ұлдардың жауаптары арасында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Екі жақ та өз құқықтарының сақталатыны туралы теңдей жауап берді (85,3% - ұлдар, 83,5% - қыздар).

Екінші толқынның нәтижелері құқықтары сақталады деп санайтын қыздар мен ұлдардың пайызы артқанын көрсетті (91,2% - ұлдар, 91,7% - қыздар). Алайда, егер жауаптардың құрылымын қарайтын болсақ, құқықтары жартылай сақталады деп санайтындар арасында қыздардың үлесі басым екені байқалады (10,2% - ұлдар, 17% - қыздар).

20-кесте

СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, СІЗДІҢ БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ САҚТАЛА МА?
(балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Ұлдар	Қыздар	Ұлдар	Қыздар
Иә, толығымен сақталады	67,0	67,2	81,0	74,7
Иә, жартылай сақталады	18,3	16,3	10,2	17,0
Жоқ, тек сөз жүзінде сақталады	3,1	2,4	2,4	0,9
Жоқ, толығымен сақталмайды	-	0,2	0,2	0,6
Жауап беруге қиналамын	11,6	13,8	6,2	6,9

Сауалнаманың бірінші толқынындағы нәтижелер төмендегідей болды. Сауалнамаға қатысқан ауылдық жердің балаларының 73,5%-ы өз құқықтарының толығымен сақталатынын айтты. Қалалық респонденттер арасында осылай жауап бергендер үлесі – 59,2%. Сауалнаманың екінші толқынының нәтижелері бойынша құқықтары толығымен сақталады деп жауап бергендер пайызы ауылдық респонденттермен қатар, қалалықтар арасында да артты. Бірақ, сауалнамаға қатысқан ауылдық жердің балаларының арасында құқықтары толығымен сақталады деп сенімді айтқандар әлі де басым.

СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, СІЗДІҢ БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ САҚТАЛА МА?

(балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
Иә, толығымен сақталады	59,2	73,5	72,0	84,6
Иә, жартылай сақталады	18,3	16,4	13,9	12,4
Жоқ, тек сөз жүзінде сақталады	3,4	2,2	2,2	1,3
Жоқ, толығымен сақталмайды	0,3	0,0	0,5	0,3
Жауап беруге қиналамын	18,9	7,9	11,4	1,5

Құқықтары «жартылай сақталады», «тек сөз жүзінде сақталады», «толығымен сақталмайды» деп жауап берген балаларға нақты қандай құқықтары сақталмайтыны туралы сұраққа жауап беру ұсынылды. Сауалнаманың бірінші және екінші толқындарының нәтижелері мазмұны бойынша ерекшеленеді: бірінші толқындағы бірде бір жауап екінші толқын кезінде белгіленген жоқ, барлық жауаптар ерекшеленеді. Жауаптардың мазмұнына қарайтын болсақ, жауаптарға мезгілдер әсер етті – бірінші толқын жазғы демалыс кезінде жүргізілді, ал екінші толқын оқу жылы басталғанда жүргізілді.

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде 92,5% респондент нақты қандай құқықтары сақталмайтыны туралы сұраққа жауап беруге қиналды. «Ғаламторға тыйым салу», «қажетімді сатып алмайды», «таңдау құқығы», «жеке кеңістік» деген жауаптар 2%-дан жинады. «Демалу және саяхаттау құқығы», «қалағанымша серуендеуге рұқсат бермейді», «тегін ойын-сауық», «достарыммен қатынасуда», «үйде жұмыс істеуге мәжбүрлейді» деген жауаптар 1%-дан жинады.

Екінші толқынның нәтижелерінен келесі жауаптарды көреміз: «мұғалімдер тарапынан кемсітушілік» (4,1%), «соққы», «мұғалімдердің тиісуі», «негізгі конституциялық құқықтар бұзылады», «ата-аналар жазалайды» (1,6%-дан), «мектепте тегін тамақтандыру» (0,8%), «білім алу құқығы» (0,8%). Сауалнаманың екінші толқыны кезінде 83,6% бала бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

ЕГЕР ЖАРТЫЛАЙ САҚТАЛСА, ТЕК СӨЗ ЖҮЗІНДЕ НЕМЕСЕ МҮЛДЕМ САҚТАЛМАЙТЫН БОЛСА, НАҚТЫ ҚАЙСЫСЫ САҚТАЛМАЙТЫНЫН ЖАЗЫП, АНЫҚТАҢЫЗ (бұл сұраққа құқықтары жартылай сақталады, тек сөз жүзінде немесе мүлдем сақталмайды деп жауап берген респонденттер ғана жауап береді - 161 респондент (20,2%), 2-кесінді – 122 респондент (15,3%)), (балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары (респонденттердің сөздерінен жазылып алынды)	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Ғаламторға тыйым салу	2	1,2	-	-
Қажетімді сатып алмайды	2	1,2	-	-
Таңдау құқығы	2	1,2	-	-
Жеке кеңістік	2	1,2	-	-
Демалу және саяхаттау құқығы	1	0,6	-	-
Қалағанымша серуендеуге рұқсат бермейді	1	0,6	-	-
Тегін ойын-сауық	1	0,6	-	-

21-кестенің жалғасы

Достарыммен қатынасуда	1	0,6	-	-
Үйде жұмыс істеуге мәжбүрлейді	1	0,6	-	-
Мұғалімдер тарапынан кемсітушілік	-	-	5	4,1
Соққы	-	-	2	1,6
Мұғалімдердің тиісуі	-	-	2	1,6
Негізгі конституциялық құқықтар бұзылады	-	-	2	1,6
Мектепте тегін тамақтандыру	-	-	1	0,8
Білім алу құқығы	-	-	1	0,8
Ата-аналар жазалайды	-	-	2	1,6
Жауап беруден бас тарту	-	-	7	5,7
Жауап беруге қиналамын	149	92,5	102	83,6

*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.


Балалар үйінде тәрбиеленушілер арасында жүргізілген сауалнаманың бірінші толқынындағы нәтижелерінен біршама бөлек көрініс байқалады. Олардың 95,5%-ы құқықтарының сақталатынын айтты (87,5% - құқықтарын «толығымен сақталады» деп, 8% - «иә, жартылай сақталады» деп жауап берді. Сондай-ақ, 1 респондент құқықтарының сақталмайтынын айтты. «*Нақты қандай құқықтарыңыз сақталмайды?*» деген сұраққа берілген жауаптардың сипаты да отбасымен тұратын балалардың жауаптарынан ерекшеленеді. Жауаптар біршама ересек көрінді - «тегін медициналық қызметті қолдану құқығы», «өз пікірін білдіру құқығы (11,8%-дан), «қол сұғылмаушылық құқығы», «өзінің ата-анасын білу құқығы» (5,9%-дан). Балалар үйіндегі балалардың «жартылай сақталады» және «сақталмайды» деп жауап берген 64,7%-ы сұраққа нақты жауап беруге қиналды.

Сауалнаманың екінші толқын кезінде 91,5% респондент құқықтарының сақталатынын айтты (84% - құқықтарын «толығымен сақталады» деп, 7,5% - «иә, жартылай сақталады» деп жауап берді). Сұраққа берілген жауаптарда бірінші толқында болмаған жауаптар белгіленді (жеке еркіндік құқығы, демалу құқығы).

2-диаграмма

СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, СІЗДІҢ БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ САҚТАЛА МА?

(балалар үйіндегі балалардың жауабы)



ЕГЕР ЖАРТЫЛАЙ САҚТАЛСА, ТЕК СӨЗ ЖҮЗІНДЕ НЕМЕСЕ МҮЛДЕМ САҚТАЛМАЙТЫН БОЛСА, НАҚТЫ ҚАЙСЫСЫ САҚТАЛМАЙТЫНЫН ЖАЗЫП, АНЫҚТАҢЫЗ (бұл сұраққа құқықтары жартылай сақталады, тек сөз жүзінде немесе мүлдем сақталмайды деп жауап берген респонденттер ғана жауап береді - 17 респондент (8,5%), 2-кесінді – 19 респондент (9,5%)), (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары (респонденттердің сөздерінен жазылып алынды)	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Өз пікірін білдіру құқығы	2	11,8	-	-
Тегін медициналық қызметті қолдану құқығы	2	11,8	-	-
Қол сұғылмаушылық құқығы	1	5,9	-	-
Өзінің ата-анасы білу құқығы	1	5,9	-	-
Жеке еркіндігі	-	-	4	21,1
Демалу құқығы	-	-	1	5,3
Жауап беруге қиналамын	11	64,7	14	73,7
Барлығы	17	100,0	19	100,0

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде қалыпты отбасында тұратын балалардың 72,4%-ы өз құқықтарын «жақсы қорғалған» десе, 14,4% - «жартылай қорғалған» деп жауап берді. Балалардың 9,8%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналды. Екінші толқын кезінде қалыпты отбасында тұратын балалардың 77,5%-ы өз құқықтарын «жақсы қорғалған» деп белгіледі, құқықтарын «жартылай қорғалған» деп санайтын респонденттердің пайызы өзгерген жоқ (14,5%).

Балалар үйінде тәрбиеленетін респондент балалардың 89,0%-ы құқықтарын «жақсы қорғалған» десе, 8,5% - «жартылай қорғалған» деп жауап берді. Сауалнаманың екінші толқыны кезінде көрсеткіштер біршама төмендегені байқалды: балалар үйіндегі балалардың 81,5%-ы өз құқықтарын «жақсы қорғалған» десе, 10% - «жартылай қорғалған» деп сипаттады.

СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, СІЗДІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАҚСЫ, ЖАРТЫЛАЙ ҚОРҒАЛҒАН НЕМЕСЕ ҚОРҒАЛМАҒАН?

Жауаптың нұсқалары	Балалар үйіндегі балалардың жауабы				Балалардың жауабы⁸			
	1 толқын		2 толқын		1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%	N	%	N	%
Жақсы қорғалған	178	89,0	163	81,5	579	72,4	620	77,5
Жартылай қорғалған	17	8,5	20	10,0	115	14,4	116	14,5
Жартылай қорғалмаған	1	0,5	2	1,0	17	2,1	21	2,6
Толық қорғалмаған	-	-	2	1,0	10	1,3	5	0,6
Жауап беруге қиналамын	4	2,0	13	6,5	79	9,8	38	4,8
Барлығы	200	100,0	200	100,0	800	100,0	800	100,0

Бала құқықтарының отбасында, мектепте және басқа оқу-тәрбие мекемелерінде және полицияда сақталуына қатысты бірінші толқындағы жауаптардың нәтижелері мынадай болды: 74,1% баланың пайымдауынша,

⁸ Қалыпты отбасында тұратын балалардың жауабы

отбасында олардың құқықтары сақталады. 18,8% бала «дәлірегі сақталады» деп жауап берді. Респондент балалардың 6%-ы қандай да бір жауап беруге қиналды. Балалардың ешқайсысы «жоқ, дәлірегі сақталмайды» және «жоқ, сақталмайды» деген жауап берген жоқ.

Балалардың тек 59,1%-ы өз құқықтарын **мектепте** және басқа да оқу-тәрбие мекемелерінде сақталады деп сенімді жауап берді. 27,5% - «иә, дәлірегі сақталады» деп жауап берді. Отбасымен тұратын респондент-балалардың 8,3%-ы өз құқықтарын мектепте және басқа да оқу-тәрбие мекемелерінде «кейде сақталады, кейде сақталмайды» деп жауап берді.

6,3% бала өз құқықтарын **полицияда** кейде сақталады, кейде сақталмайды деген жауап берді.

Сауалнаманың екінші толқыны кезінде барлық жағдайларда «иә, сақталады» деген жауаптардың пайызы артқаны байқалады: отбасында (1-кесінді – 74,1%, 2-кесінді – 79,1%), мектепте және басқа оқу-тәрбие мекемелерінде (1-кесінді – 59,1%, 2-кесінді – 67,3%), полицияда (1-кесінді – 47,8%, 2-кесінді – 59%).

25-кесте

СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, ... БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ САҚТАЛҒАН БА?

(балалардың жауабы, %)

	Иә, сақталады		Иә, дәлірегі сақталады		Кейде сақталады, кейде сақталмайды		Жоқ, дәлірегі сақталмайды		Жоқ, сақталмайды		Жауап беруге қиналамын		Барлығы
	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	
...сіздің отбасыңызда...	74,1	79,1	18,8	10,1	1,1	5,5	-	0,6	-	2,3	6,0	2,4	100,0
...мектепте және басқа оқу-тәрбие мекемелерінде...	59,1	67,3	27,5	17,1	8,3	9,3	0,6	3,5	0,4	-	4,1	2,8	100,0
...полицияда...	47,8	59,0	17,9	14,5	6,3	5,6	1,5	2,8	1,3	1,0	25,2	17,1	100,0

Сауалнаманың бірінші толқынындағы нәтижелер көрсеткендей, **балалар үйіндегі** респондент балалардың 80,5%-ы **балалар үйінде** өз құқықтары сақталады деп есептейді. 15,5% бала «иә, дәлірегі сақталады» деп жауап берді. «Жоқ, сақталмайды», «жауап беруге қиналамын» деген жауаптарды таңдағандар болған жоқ. Балалар үйінде тәрбиеленуші 76,5% респондент, балалардың құқықтары **мектепте** және басқа да оқу-тәрбие мекемелерінде сақталады деп санайды. Сонымен қатар, балалар үйінде тәрбиеленуші 78,5% респонденттің пікірінше **полицияда** баланың құқығы сақталады.

Сауалнаманың екінші толқыны көрсеткен нәтижелер біршама бөлек көріністі қамтыды: балалар үйінде (88%), мектептерде және басқа да оқу-тәрбие мекемелерінде (80,5%) баланың құқықтары сақталады деп санайтын балалар үйінің тәрбиеленушілерінің пайызы артты, ал полицияда

баланың құқықтары сақталады деп санайтындар саны айтарлықтай кеміді (1-кесінді – 78,5%, 2-кесінді – 50%).

26-кесте

СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, ... БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ САҚТАЛҒАН БА?

(балалар үйіндегі балалардың жауабы, %)

	Иә, сақталады		Иә, дәлірегі сақталады		Кейде сақталады, кейде сақталмайды		Жоқ, дәлірегі сақталмайды		Жоқ, сақталмайды		Жауап беруге қиналамын	
	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.
...сіздің отбасыңызда...	80,5	88,0	15,5	7,0	2,5	2,0	1,5	-	-	-	-	3,0
...мектепте және басқа оқу-тәрбие мекемелерінде...	76,5	80,5	20,5	12,5	2,0	2,5	-	-	-	-	1,0	4,5
...полицияда...	78,5	50,0	9,0	6,0	2,0	5,0	1,0	2,0	0,5	-	9,0	37,0

БАЛАЛАРДЫҢ ШЫНАЙЫ ӨМІРІ КӨРІНІС БЕРЕТІН АМАНДЫҚТЫ АНЫҚТАУШЫ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР

Балалардың физикалық амандығының факторлары, ең алдымен, отбасының материалдық жағдайының деңгейіне байланысты болады. Респондент ата-аналарға олардың материалдық жағдайына қатысты сұрақтар қойылған болатын. Респонденттердің ширегінен сәл астамы ғана (26,7%) отбасының материалдық жағдайына «толық қанағаттанамын» деп жауап берді. Респонденттердің жартысы (50,7%) «қанағаттанамын деуге болады» деп жауап берді. Ата-аналардың бесінші бөлігі материалдық жағдайының деңгейіне «қанағаттанбаймын деуге болады» 17,3% десе, 5,3% - «толық қанағаттанбаймын» деп жауап берді. Сауалнаманың екінші толқынындағы нәтижелер өзгерген жоқ деуге болады (№27 кесте).

27-кесте

ОТБАСЫҢЫЗДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ҚАҢШАЛЫҚТЫ

ҚАНАҒАТТАНАСЫЗ? (ата-аналардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Толық қанағаттанамын	40	26,7	41	27,3
Қанағаттанамын деуге болады	76	50,7	80	53,3
Қанағаттанбаймын деуге болады	26	17,3	24	16,0
Толық қанағаттанбаймын	8	5,3	5	3,3
Барлығы	150	100,0	150	100,0

Өзінің материалдық жағдайына қанағаттану деңгейін анықтаумен қатар, ата-аналарға отбасының тұрмыс деңгейін бағалау ұсынылды. Респонденттердің жартысынан сәл кемі «қанағаттанарлық деңгейде өмір сүреміз, өмірді жақсартуға қажеттінің барлығы бар» деп жауап берді (43,3%). Сауалнама жүргізілген ата-аналардың ширектен кемі «жақсы

тұрамыз, бар жағдайымыз бар, ештеңеден тарықпаймыз» (23,3%) деген жауапты таңдады. Ата-аналардың шамамен осындай пайызы «әзірге бірді-бірге жеткізе аламыз» деп жауап берді (24%). 5,3% респондент «онша жақсы тұрмаймыз, кей кезде өзімізден шектеуге тура келеді» деп жауап берді. Аса қажетті нәрсенің өзін алуға шамамыз жете бермейді деп жауап бергендер үлесі - 2,7%. Сауалнаманың екінші толқынындағы нәтижелерден «жақсы тұрамыз, бар жағдайымыз бар, ештеңеден тарықпаймыз» деген жауаптардың пайызы айтарлықтай төмендегенін көріп отырмыз (1-кесінді – 23,3%, 2-кесінді – 9,3%).

28-кесте

ОТБАСЫҢЫЗДЫҢ ТҰРМЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУЫҢЫЗДЫ ӨТІНЕМІЗ
(ата-аналардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Жақсы тұрамыз, бар жағдайымыз бар, ештеңеден тарықпаймыз	35	23,3	14	9,3
Қанағаттанарлық деңгейде өмір сүреміз, өмірді жақсартуға қажеттінің барлығы бар	65	43,3	67	44,7
Әзірге бірді-бірге жеткізе аламыз	36	24,0	47	31,3
Онша жақсы тұрмаймыз, кей кезде өзімізден шектеуге тура келеді	8	5,3	11	7,3
Өте нашар тұрамыз, аса қажетті нәрсенің өзін алуға шамамыз жете бермейді	4	2,7	2	1,3
Жауап беруге қиналамын	2	1,4	9	6,0
Барлығы	150	100,0	150	100,0

Баланың физикалық жағдайының маңызды факторларына тамақтану мәселесі мен өмір салты жатады. Сұралған балалардың 60,4%-ы «Сіз дұрыс тамақтану дегеннің не екенін білесіз бе?» деген сұраққа «иә, білемін» деп жауап берді. 21,9% - білмейтінін мойындады, 17,7% респондент жауап беруге қиналды. Сауалнаманың екінші толқынында 84,1% баланың «дұрыс тамақтану дегеннің не екенін білеміз» деген пікір айтқанын көріп отырмыз.

29-кесте

СІЗ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ДЕГЕННІҢ НЕ ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?
(балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә, білемін	483	60,4	673	84,1
Жоқ, білмеймін	175	21,9	127	15,9
Жауап беруге қиналамын	142	17,7	-	-
Барлығы	800	100,0	800	100,0

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде қалалық респонденттер (65,9%) ауылдық респонденттерге (56,0%) қарағанда дұрыс тамақтану туралы көбірек білетін болып шықты. 29.1-кестеден көріп отырғанымыздай, сауалнаманың екінші толқыны кезінде дұрыс тамақтану

туралы білетіндердің пайызы артты – 78,7% қалалық балалар мен 89,6% ауыл балалары дұрыс тамақтану туралы білетінін айтты.

29.1-кесте

СІЗ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ДЕГЕННІҢ НЕ ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

(балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
Иә, білемін	65,9	56,0	78,7	89,6
Жоқ, білмеймін	12,7	29,2	21,3	10,4
Жауап беруге қиналамын	21,4	14,8	-	-

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде дұрыс тамақтану туралы қыздар (62,1%) ұлдарға (58,5%) қарағанда сәл көбірек хабардар болып шықты, ал екінші толқында дұрыс тамақтану турасында қыздарға қарағанда ұлдар көбірек хабардар екенін анықталды, 85,6% ұлдар және 82,2% қыздар дұрыс тамақтану туралы білеміз деген жауап айтты.

29.2-кесте

СІЗ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ДЕГЕННІҢ НЕ ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ? (балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Ұлдар	Қыздар	Ұлдар	Қыздар
Иә, білемін	58,5	62,1	85,6	82,2
Жоқ, білмеймін	23,7	20,1	14,4	17,8
Жауап беруге қиналамын	17,8	17,7	-	-

Сенімді жауап берген балаларға «дұрыс тамақтану», «тамақтану мәдениеті» ұғымдарын өз түсінігі бойынша ашып түсіндіру ұсынылды. Бұл ретте, 27,1% респондент «дұрыс тамақ – пайдалы тамақ» деген ортақ сөйлеммен жауап берді, 18,4% - «жеміс-жидек, көкөністер» деп нақтылады. 13,7% респондент тамақтану мәдениетін «уақтылы тамақтанған жақсы» деп түсінеді, 12% - «диета, дұрыс тамақтану» деген жауап айтты, 11,8% - бұл ұғымдарды «тамақтану режиміне» жатады деп пайымдады. Сауалнаманың екінші толқыны кезінде неғұрлым жиі айтылған жауаптар тіркелген жоқ. Жалпы, респонденттер арасында дұрыс тамақтану қағидалары туралы ортақ басым пікір анықталған жоқ.

30-кесте

СІЗ «ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ», «ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІ» ДЕГЕНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІЗ, СИПАТТАП БЕРЕ АЛАСЫЗ БА? (бұл сұраққа дұрыс тамақтанудың не екенін білетін респонденттер ғана жауап береді – 483 респондент (60,4%), 2-кесінді – 673 респондент (84,1%)), (балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары (респонденттердің сөздерінен жазылып алынды)	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Дұрыс тамақ - пайдалы тамақ	131	27,1	47	7,0
Жеміс-жидек, көкөніс	89	18,4	40	5,9
Уақтылы тамақтанған жақсы	66	13,7	59	8,8
Диета, дұрыс тамақтану	58	12,0	74	11,0
Тамақтану режимі	57	11,8	3	0,4
Зиянды тамақ жемеу (чипсы жемеу, кола ішпеу)	48	9,9	36	5,3
Дәрумендер, табиғи өнімдер	31	6,4	11	1,6
Экологиялық	18	3,7	8	1,2

30-кестенің жалғасы

Теңдестірілген тамақтану	15	3,1	6	0,9
ГТО қосылмаған азық-түлік	14	2,9	-	-
Төрт мезгіл тамақтану	10	2,1	-	-
Дұрыс өмір салтын ұстану	9	1,9	-	-
Ботқалар, көжелер	9	1,9	-	-
Ыстық тамақ	9	1,9	-	-
Төмен калориялы тамақ	6	1,2	-	-
Үйдің тамағы	5	1,0	7	1,0
Тым тойып тамақ ішпеу	5	1,0	-	-
Калориялы тамақ	4	0,8	-	-
Тазалықты сақтау	3	0,6	-	-
Темекі шекпеу, алкоголь ішпеу	2	0,4	-	-
Тамақтану режимін сақтау	-	-	4	0,6
Алуан түрлі тамақ	2	0,4	-	-
Үш мезгіл тамақтану	1	0,2	-	-
Диета + спорт	1	0,2	12	1,7
Ескі рецептілер бойынша тамақтану	1	0,2	-	-
Тиімді тамақтану	-	-	7	1,0
Дұрыс өмір сүру	-	-	16	2,4
Дастархан басында дұрыс отыру	-	-	1	0,1
Барлық мектептерде тегін тамақтандыру	-	-	1	0,1
Дәруменді тағамдар	-	-	11	1,6
Жақсы тамақтану	-	-	9	1,3
Зиянды әдеттерсіз	-	-	1	0,1
Сипаттауға қиналамын	-	-	8	1,2

*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.

	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.
Егер сіз жұмыс істеген болсаңыз/жұмыс істеп жүрсеңіз ол Сіздің жеке шешіміңіз бе?	10	14	-	1
Егер сіз жұмыс істеген болсаңыз/жұмыс істеп жүрсеңіз Сіздің жұмысыңыз үшін ақы төленді ме?	8	9	2	6
Егер сіз жұмыс істеген болсаңыз/жұмыс істеп жүрсеңіз жұмыс барысында Сіздің құқығыңыз аяққа таптала ма?	-	4	10	11

Балалар үйінде тәрбиеленуші респонденттер арасында тек 2 бала аптасына 40 сағат жұмыс істегенін айтты.

80-кесте

ЕГЕР ЖҰМЫС ІСТЕСЕҢІЗ, АПТАСЫНА ҚАНША САҒАТ ЖҰМЫС ІСТЕДІҢІЗ? (бұл сұраққа жұмыс істеген немесе қазір жұмыс істеп жүрген респонденттер ғана жауап береді – 10 респондент (5,0%), 2-кесінді- 15 респондент (7,5%)), (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
2 сағат	2	20,0	3	20,0
4 сағат	1	10,0	1	6,7
5 сағат	1	10,0	-	-
6 сағат	1	10,0	-	-
10 сағат	-	-	2	13,3
18 сағат	-	-	1	6,7
24 сағат	-	-	3	20,0
28 сағат	-	-	1	6,7
35 сағат	-	-	1	6,7
40 сағат	2	20,0	-	-
48 сағат	-	-	1	6,7
50 сағат	-	-	1	6,7
80 сағат	-	-	1	6,7
Жауап беруге қиналамын	3	30,0	-	-
Барлығы	10	100,0	15	100,0

Сауалнамаға қатысқан балаларға өмірдегі түрлі жағдайларға қатысты қаншалықты қанағаттанатыны туралы сұрақ қойылды. Шамамен 90% бала өмірдегі түрлі жағдайларға «толық қанағаттанамын» және «негізінен қанағаттанамын» деп жауап берді.

81-кесте

СІЗ ӨМІРДЕГІ ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАНАҒАТТАНАСЫЗ?, % (балалардың жауабы)

Өмірдегі жағдай	Мүлдем қанағаттанбаймын		Негізінен қанағаттанбаймын		Негізінен қанағаттанамын		Толық қанағаттанамын		Жауап беруге қиналамын /Оқымаймын/Жұмыс істемеймін	
	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.
Тамақтану	2,1	2,8	3,6	2,8	31,6	25,4	61,3	66,3	1,4	2,7
Киіну	1,8	2,0	4,4	2,6	34,1	24,0	57,9	68,8	1,8	2,6
Баспана	2,4	1,6	5,9	5,3	30,1	21,1	59,8	68,8	1,8	3,2
Демалыс	2,5	3,0	8,5	6,0	31,0	25,0	55,3	63,1	2,7	2,9
Оқу	2,8	2,8	6,3	4,9	36,6	26,0	51,8	62,5	2,5	3,8
Жұмыс	1,8	1,6	1,0	2,9	7,5	14,3	13,6	13,3	76,1	67,9

Балалар үйінде тәрбиеленетін 97% респондент тамақтануына қанағаттанады (2-кесінді - 93,5%). 93,5% респонденттің оқуына көңілі толады. Өмірдің басқа жағдайларына қатысты қанағаттану 90%-ға жетпейді, бірақ 80%-дан төмендемейді.

82-кесте

СІЗ ӨМІРДЕГІ ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАНАҒАТТАНАСЫЗ?, % (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Өмірдегі жағдай	Мүлдем қанағаттанбаймын		Негізінен қанағаттанбаймын		Негізінен қанағаттанамын		Толық қанағаттанамын		Жауап беруге қиналамын /Оқымаймын/Жұмыс істемеймін	
	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.	1 т.	2 т.
Тамақтану	0,5	3,5	1,5	1,5	31,5	22,0	65,5	71,5	1,0	1,5
Киіну	1,5	3,5	9	4,5	23,5	20,5	65	69,5	1,0	2,0
Баспана	1	3,0	8	3,0	21	21,5	68	71,0	2,0	1,5
Демалыс	2,5	4,5	7,5	1,5	20,5	27,0	68,5	65,5	1,0	1,5
Оқу	1,5	2,0	2	3,5	3,0	23,5	63,5	70,0	3,0	0,5
Жұмыс	-	-	1,5	-	2	-	-	-	96,5	-


БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР (АКТ)

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) біздің заманауи өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Олар күнделікті өміріміздік барлық көріністерін қамтиды. Ғаламтордың біздің өмірімізге келтіретін шүбәсіз пайдасы мен қолайлылығымен қатар, мұқият назар аударуды талап ететін теріс әсері де байқалып отырады, әсіресе, бұл балалардың өмірі мен саулығына қатысты болса.

Сауалнаманың бірінші толқынындағы нәтижелер бойынша, отбасымен тұратын респондент балалардың 78,8%-ы ғаламторды күнделікті қолданады. 12,1% респондент кем дегенде аптасына бір рет қолданады. Тек 5,8% респондент-бала оны қолданбайды. Бұл нәтижелер АКТ-ның балалардың күнделікті өміріне айтарлықтай терең енгенін көрсетеді. Алайда екінші толқынның нәтижелері бойынша ғаламторды күнделікті қолданушылардың пайызы төмендеді (58,4%) және ғаламторды қолданбайтындар саны артты (15%). Бұл мектептер мен колледждерде оқу процесінің басталуына байланысты болуы ықтимал.

4-диаграмма

ҒАЛАМТОРДЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҚОЛДАНАСЫЗ? (балалардың жауабы)



Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде, 26,2% респондент өзінің ғаламтор-серфингінің себебін түсіндіре алмады. 18% - ғаламторды достармен қатынасу үшін қолданады, 11,5% респондент оның өзін өзі дамыту үшін қажет екенін айтты. 9,3% - ақпарат іздейді.

83-кесте

ҒАЛАМТОРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА СЕБЕП БОЛАТЫН НЕГІЗГІ ЖАҒДАЙ ҚАНДАЙ?

(бұл сұраққа ғаламторды пайдаланатын респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 754 респондент (94,2%), 2-кесінді - 680 респондент (85,0%)), (балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары (респонденттердің сөздерінен жазылып алынды)	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Әңгімелесу	136	18,0	71	10,4
Өзін-өзі дамыту	87	11,5	-	-
Ақпарат іздеу	70	9,3	32	4,7
Жай ұнайды, қызық	55	7,3	18	2,6
Фильмдер көрем	46	6,1	30	4,4
Мектеп материалдары	35	4,6	-	-
Ойын-сауық үшін	27	3,6	1	0,1
Жаңалықтар оқимын	25	3,3	1	0,1
Ойындар	21	2,8	18	2,6
Әлеуметтік желілер	20	2,7	27	4,0
Қызықты бейне көру	18	2,4	-	-
Музыка	6	0,8	1	0,1
Сабак орындаймын	4	0,5	-	-
Спорт	3	0,4	-	-
Пайдалануды үйренемін	3	0,4	-	-
Ол менің әлемім	1	0,1	-	-
Оқу	-	-	156	22,9
Бәрі қолданады	-	-	2	0,3
Блогерлерді қараймын	-	-	4	0,6
Макияж	-	-	1	0,1
Теледидар көрген қызық емес	-	-	1	0,1
КТК	-	-	2	0,3
Зор мүмкіндіктер, барлық сұрақтарға жауаптар	-	-	10	1,5
Жеке	-	-	1	0,1
Қолөнер	-	-	1	0,1
Ютуб	-	-	2	0,3
Қорқынышты фильмдер	-	-	2	0,3
Кедергіні жену	-	-	1	0,1
Оқиғалар	-	-	1	0,1
Уақыт өткізу	-	-	1	0,1
Жауап беруге қиналамын	197	26,2	295	43,4
Барлығы	754	100,0	680	100,0

1-кесінді бойынша балалардың ширек бөлігінен астамы ата-аналары олардың ғаламтор-контентін қадағаламайтынын айтты (26,7%). Сауалнаманың екінші толқыны кезінде осы жауаптың пайызы артып кетті: 41,6% респондент ата-аналарының ғаламтор-контентін қадағалайтынын айтты.

84-кесте

АЙТЫҢЫЗШЫ, СІЗДІҢ АТА-АНАҢЫЗ СІЗДІҢ ҚАНДАЙ САЙТТАРДЫ ПАЙДАЛАНАТЫНЫҢЫЗДЫ БІЛЕ МЕ? (бұл сұраққа ғаламторды пайдаланатын респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 754 респондент (94,2%), 2-кесінді - 680 респондент (85,0%)), (балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	553	73,3	397	58,4
Жоқ	201	26,7	283	41,6
Барлығы	754	100,0	680	100,0

Респондент балалардың арасындағы неғұрлым танымал әлеуметтік желілер мен блог-платформалар арасында Вконтакте, Гугл плус және Whatsapp аталды. Басқа әлеуметтік желілер мен блог-платформалардың танымалдылығы 15%-ға жетпейді.

85-кесте

СІЗ ҚАНДАЙ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ЖӘНЕ БЛОГ-ПЛАТФОРМА, МЕСЕНДЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНАСЫЗ? (бұл сұраққа ғаламторды пайдаланатын респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 754 респондент (94,2%), 2-кесінді - 680 респондент (85,0%)), (балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
ВКонтакте	590	78,2	498	73,2
Google+	397	52,7	272	40,0
WhatsApp	317	42,0	370	54,4
Facebook	72	9,5	96	14,1
Мой Мир	67	8,9	40	5,9
Инстаграмм	65	8,6	65	9,6
Одноклассники	44	5,8	86	12,6
Ютуб	37	4,9	41	6,0
Гайдпарк	24	3,2	2	0,3
Мой Нур (Nur.kz)	20	2,7	15	2,2
Twitter	20	2,7	21	3,1
Ойын сайттары	8	1,1	-	-
Badoo	6	0,8	5	0,7
Мобильдік Агент (M-agent)	5	0,7	11	1,6
Профессионалы.ru	4	0,5	10	1,5
LinkedIn	4	0,5	1	0,1
LiveJournal (Живой журнал)	2	0,3	2	0,3
Телеграмм	-	-	3	0,4
Танымдық сайттар	1	0,1	-	-
Вайбер	-	-	1	0,1
Қолданбаймын	-	-	3	0,4
Жауап жоқ	-	-	40	5,9

*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.

Респонденттердің жартысы өздерінің ғаламторға деген қызығушылығын бір мағыналы сипаттай алмады. Жалпы, балалардың қызығушылық ауқымы өте үлкен.

СІЗДІ ҚЫЗЫҚТЫРАТЫН БЛОГТАР МЕН ТАҚЫРЫПТАР? (бұл сұраққа
галамторды пайдаланатын респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 754
респондент (94,2%), 2-кесінді - 680 респондент (85,0%)), (балалардың жауабы)

Жауап (респонденттердің жазылып алынды)	нұсқалары сөздерінен	1 толқын		2 толқын	
		N	%	N	%
Әртүрлі		93	12,3	1	0,1
Әртүрлі шоулар		-	-	10	1,5
Спорт		49	6,5	5	0,7
Жаңалықтар		36	4,8	11	1,6
Кино		28	3,7	-	-
Достармен қатынасу		23	3,1	18	2,6
Ойындар		21	2,8	14	2,1
Мектеп пәндері, оқу		20	2,7	-	-
Аспаздық		14	1,9	1	0,1
Мәдениет және өнер		12	1,6	-	-
Музыка		10	1,3	4	0,6
Сән және стиль		10	1,3	1	0,1
Мультфильмдер		7	0,9	-	-
Техника, жаңа технологиялар жайлы		5	0,7	1	0,1
Саясат		5	0,7	1	0,1
Ұқсатып жасау, қолөнер		4	0,5	7	1,0
Жануарлар әлемі		4	0,5	2	0,3
Астрономия		3	0,4	-	-
Би		2	0,3	-	-
Ешқандай, блоктар оқымаймын		2	0,3	-	-
Демалыс		2	0,3	-	-
Бейне		2	0,3	20	2,9
Опа-далап, сұлулық		2	0,3	1	0,1
Денсаулық, СӨС		2	0,3	-	-
Саяхат		2	0,3	-	-
Оригами		1	0,1	-	-
Шаш үлгілері		1	0,1	-	-
Қуыршақтар		1	0,1	-	-
Космос		1	0,1	-	-
Тігу		2	0,3	-	-
Жұлдыздардың өмірін қарау		1	0,1	-	-
Әзіл-сықақ		1	0,1	1	0,1
Кітаптар		1	0,1	-	-
Энтомология		1	0,1	-	-
Журналистика		1	0,1	-	-
Ғылым		1	0,1	-	-
Майнкрафт		1	0,1	-	-
Шетелде білім алу		1	0,1	-	-
Уикипедия		1	0,1	1	0,1
Әлеуметтік желілер		-	-	66	9,7
Гугл		-	-	5	0,7
Электрондық оқу		-	-	1	0,1

86-кестенің жалғасы

Бейнелеу	-	-	3	0,4
Пайдалы кеңестер	-	-	2	0,3
Ютуб	-	-	9	1,3
Психология	-	-	6	0,9
Алуан түрлі	-	-	18	2,6
Пранктер	-	-	1	0,1
ҰБТ туралы топтар	-	-	3	0,4
Футбол	-	-	7	1,0
Ақпарат	-	-	3	0,4
Үй тапсырмасы, оқу	-	-	32	4,7
Аудармашы	-	-	1	0,1
Тілдер	-	-	1	0,1
Балық аулау	-	-	1	0,1
Жұлдыздар туралы	-	-	1	0,1
X фактор	-	-	1	0,1
КТК	-	-	1	0,1
Машиналар туралы	-	-	1	0,1
Жануарлар әлемі	-	-	2	0,3
Ойын-сауық	-	-	5	0,7
Одноклассники	-	-	3	0,4
Барлығы қызық	-	-	3	0,4
Қорқынышты нәрселер	-	-	2	0,3
Флэш рояль	-	-	1	0,1
Кедергіні жеңу	-	-	1	0,1
Оқиғалар	-	-	1	0,1
Сипаттауға қиналамын	381	50,6	403	59,3
Барлығы	754	100,0	680	100,0

Балалар үйінде тәрбиеленушілер арасындағы респонденттер отбасымен тұратын құрдастарына қарағанда ғаламторды сирек қолданады. Тек 33% (2-кесінді – 42,5%) респондент ғаламторды күнделікті қолданады, 38,5% - аптасына бір рет қолданады. Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде олардың арасында ғаламторды қолданбайтындар саны көбірек болды (19,5%), ал 2-кесінді олардың пайызының төмендегенін көрсетті (5%).

87-кесте

ҒАЛАМТОРДЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҚОЛДНАСЫЗ?

(балалар үйлеріндегі балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Күн сайын	66	33,0	83	41,5
Аптасына бір рет	77	38,5	85	42,5
Айына бір рет	13	6,5	7	3,5
Айына бір реттен кем	5	2,5	2	1,0
Ғаламторды пайдаланбаймын	39	19,5	10	5,0
Жауап беруден бас тарту	-	-	9	4,5
Жауап беруге қиналамын	-	-	4	2,0
Барлығы	200	100,0	200	100,0

Балалар үйінде тәрбиеленуші, ғаламторды пайдаланатын респонденттердің басым бөлігі оны сабаққа дайындалу үшін қолданады. 19,9% респондент ғаламтордан пайдалы ақпарат іздейді, 17,4% - «жаңалық оқиды», 16,8% - әлеуметтік желілерді қолданады.

88-кесте

ҒАЛАМТОРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА СЕБЕП БОЛАТЫН НЕГІЗГІ ЖАҒДАЙ ҚАНДАЙ? (бұл сұраққа ғаламторды пайдаланатын респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 161 респондент (80,5%), 2-кесінді 190 респондент (95,0%)), (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары (респонденттердің сөздерінен жазылып алынды)	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Сабаққа дайындалу	82	50,9	67	35,3
Пайдалы ақпарат іздеу	32	19,9	10	5,3
Жаңалық оқимын	28	17,4	7	3,7
Әлеуметтік желілер	27	16,8	6	3,2
Достармен, туыстармен қатынасу	17	10,6	15	7,9
Мультфильм, фильм, видео	-	-	10	5,3
Кино көремін	14	8,7	-	-
Танымдық, қызықты	-	-	13	6,8
Спорт	3	1,9	-	-
Ән тыңдаймын	2	1,2	1	0,5
Ойындар	-	-	3	1,6
Көбірек білгім келеді	-	-	13	6,8
Әртүрлі	-	-	8	4,2
Футбол жайлы	1	0,6	-	-
Зеріккенде	1	0,6	-	-
Бейнелеу	-	-	3	1,6
Жауап беруге қиналамын	15	9,3	53	27,9

*Сوما 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.

16,1% респонденттің пікірінше тәрбиешілер олардың ғаламторда отыруын қадағаламайды (2-кесінді – 18,4%).

89-кесте

АЙТЫҢЫЗШЫ, СІЗДІҢ ТӘРБИЕШІЛЕРІҢІЗ СІЗДІҢ ҚАНДАЙ САЙТТАРДЫ ПАЙДАЛАНАТЫНЫҢЫЗДЫ БІЛЕ МЕ? (бұл сұраққа ғаламторды пайдаланатын респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 161 респондент (80,5%), 2-кесінді - 190 респондент (95,0%)), (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	135	83,9	155	81,6
Жоқ	26	16,1	35	18,4
Барлығы	161	100,0	161	100,0

Балалар үйінде тәрбиеленуші респонденттердің арасында ең танымал әлеуметтік желілер Вконтакте (87,6%), Гугл+ (60,2%), Whatsapp (32,2%) болып шықты. Бірақ отбасымен тұратын құрдастарына қарағанда, балалар үйінде тәрбиеленушілер Фейсбук (19,3%) және Одноклассники (18%) желілеріне көбірек қызығушылық танытады.

90-кесте

СІЗ ҚАНДАЙ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ЖӘНЕ БЛОГ-ПЛАТФОРМА, МЕСЕНДЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНАСЫЗ? (бұл сұраққа ғаламторды пайдаланатын респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 161 респондент (80,5%), 2-кесінді 190 респондент (95,0%)), (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
В Контакте	141	87,6	153	80,5
Google+	97	60,2	109	57,4
WhatsApp	53	32,9	64	33,7
Facebook	31	19,3	18	9,5
Одноклассники	29	18,0	19	10,0
Twitter	13	8,1	3	1,6
Мой Мир	8	5,0	20	10,5
LinkedIn	5	3,1	-	-
Badoo	3	1,9	-	-
Мой Нур (Nur.kz)	1	0,6	6	3,2
Мобильдік Агент (M-agent)	1	0,6	1	0,5
Скайп	1	0,6	-	-
Гайдпарк	-	-	-	-
LiveJournal (Живой журнал)	-	-	-	-
Профессионалы.ru	-	-	3	1,6
Ютуб	-	-	15	7,9
Инстаграмм	16	9,9	14	7,4

*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.

Балалар үйінде тәрбиеленуші респонденттердің 37,3%-ы өздерінің ғаламторға деген қызығушылығын анық белгілеуге қиналды, 23,6% респондент жаңалықтар блогына қызығушылық танытады, 16,1% - үй тапсырмасының тақырыптарын іздейді.

91-кесте

СІЗДІ ҚЫЗЫҚТЫРАТЫН БЛОГТАР МЕН ТАҚЫРЫПТАР? (бұл сұраққа ғаламторды пайдаланатын респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 161 респондент (80,5%), 2-кесінді 190 респондент (95,0%)), (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауап нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Жаңалықтар блогы	38	23,6	-	-
Үй тапсырмасы бойынша тақырыптар	26	16,1	-	-
Әлеуметтік желілер	13	8,1	5	2,6
Спорт жаңалықтары	11	6,8	-	-
Бәрі қызық	10	6,2	-	-
Ғаламтор кітаптар	7	4,3	-	-
Кино	7	4,3	19	10,0
Сән	6	3,7	4	2,1
Ойындар жайлы	6	3,7	-	-
Қызықты бейнелер	5	3,1	-	-
Музыка	5	3,1	-	-
Жануарлар әлемі	2	1,2	-	-
Техника	1	0,6	-	-

91-кестенің жалғасы

Қазақстанның табиғаты	1	0,6	-	-
Ертегілер	1	0,6	-	-
Өлеңдер	1	0,6	-	-
Спорт	-	-	20	10,5
Оқу	-	-	4	2,1
Дизайн	1	0,6	3	1,6
Шоу бизнес	3	1,9	2	1,1
Әртүрлі	-	-	11	5,8
Инвестициялау	-	-	2	1,1
Саясат	-	-	7	3,7
Ақпарат	-	-	4	2,1
Блоктар оқымаймын	1	0,6	6	3,2
Өмір туралы	-	-	2	1,1
Танымдық	-	-	4	2,1
Жауап беруге қиналамын	60	37,3	97	51,1

*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.


Қалыпты отбасында тұратын балалар мен балалар үйіндегі балалардың қызығушылық деңгейі құрылымдық түрде ерекшеленетінін көруге болады. Болжаммен, ғаламтор серфингі төмен жиілікте болғандықтан, балалар үйіндегі балалардың ғаламторды пайдалануы неғұрлым құрылымдалған әрі мақсаты бағытталған, қызығушылықтың қатты шашылымы жоқ.

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде 91,3% респондент педагог «оқушыларыңызбен ғаламтор қауіпсіздігі туралы әңгімелесесіз бе?» деген сұраққа «иә, әңгімелесемін» деп жауап берсе, екінші толқын кезінде бұл жауаптың пайызы төмендеді (85,7%).

85% (2-кесінді – 90,7%) педагог «әлеуметтік желілерді бейтаныс адамдар және қылмыскерлермен танысу мен қатынасудың қауіптілігі» туралы, 3,7% - «ғаламтор-төлемдерінің қауіпсіздігі» туралы әңгімелесетінін айтты.

5-диаграмма

ОҚУШЫЛАРЫҢЫЗБЕН ҒАЛАМТОР ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕСІЗ БЕ?
(педагогтардың жауабы)



92-кесте

ЕГЕР ҒАЛАМТОР ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕССЕҢІЗ, ҚАНДАЙ ТАҚЫРЫПТЫ ТАЛҚЫЛАЙСЫЗДАР? (бұл сұраққа оқушылармен ғаламтор қауіпсіздігі туралы әңгімелесетін респонденттер ғана жауап береді: 1-кесінді – 274 респондент (91,3%), 2-кесінді – 257 респондент (85,7%)) (педагогтардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Әлеуметтік желілерді бейтаныс адамдар және қылмыскерлермен танысу мен қатынасудың қауіптілігі	233	85,0	233	90,7
Технологиялық қауіпсіздік	31	11,3	19	7,4
Төлемдер қауіпсіздігі	10	3,7	5	1,9
Барлығы	274	100,0	257	100,0

Балалармен ғаламтор қауіпсіздігі туралы әңгімелеспейтін педагогтар өз жауаптарын түсіндірді: 46,2% - оны қажет деп санамайды, 23,1% - бұған білімдерінің жетпейтінін мойындады (1-кесінді). Сондай-ақ, кейбір педагогтар «олар әлі кішкентай, әлеуметтік желілерді қолданбайды» деп жауап берді.

93-кесте

ЕГЕР ҒАЛАМТОР ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕСПЕСЕҢІЗ, ОНЫҢ СЕБЕБІ НЕДЕ? (бұл сұраққа оқушылармен ғаламтор қауіпсіздігі туралы әңгімелеспейтін респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 26 респондент (8,7%), 2-кесінді – 43 респондент (14,3%)) (педагогтардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Қажет деп санамаймын	12	46,2	34	79,1
Білімім жетпейді	6	23,1	3	7,0
Олар әлі кішкентай, әлеуметтік желілерді қолданбайды	4	15,4	6	14,0
Уақыт жетпейді	3	11,5	-	-
Ол үшін сынып сағаты бар	1	3,8	-	-
Барлығы	26	100,0	43	100,0

«Балаңыздың ғаламторда не істеп отырғанын қадағалайсыз ба?» деген сұраққа ата-аналардың 75%-ы қадағалаймыз деп жауап берді.

94-кесте

БАЛАҢЫЗДЫҢ ҒАЛАМТОРДА НЕ ІСТЕП ОТЫРҒАНЫН ҚАДАҒАЛАЙСЫЗ БА? (ата-аналардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	113	75,3	115	76,7
Жоқ	24	16,0	13	8,7
Кейде қадағалаймын, кейде қадағаламаймын	13	8,7	22	14,7
Барлығы	150	100,0	150	100,0

Балаларының ғаламторда не істеп отырғанын қадағаламайтын ата-аналар оны уақыттың жетіспеуімен түсіндірді (1-кесінді - 51,4%, 2-кесінді

– 65,7%), сондай-ақ «маңызды деп санамаймын» деп жауап берді (1-кесінді - 35,1%, 2-кесінді – 25,7%).

95-кесте

ЕГЕР БАЛАНЫҢ ҒАЛАМТОРДА НЕ ІСТЕП ОТЫРҒАНЫН ҚАДАҒАЛАМАЙТЫН БОЛСАҢЫЗ, ОНЫҢ СЕБЕБІ НЕДЕ? (бұл сұраққа баланың ғаламторда не істеп отырғанын қадағаламайтын респонденттер ғана жауап береді, 1-кесінді – 37 респондент (24,7%), 2-кесінді 35 респондент (23,4%)), (ата-аналардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Білімім жетпейді	-	-	-	-
Уақытым жетпейді	19	51,4	23	65,7
Оны маңызды деп санамаймын	13	35,1	9	25,7
Сенім артамын	4	10,8	-	-
Ересек балалар қадағалайды	-	-	1	2,9
Жауап беруге қиналамын	-	-	2	5,7
Барлығы	37	100,0	35	100,0

90%-дан астам ата-ана ең қауіпті ақпарат ретінде «балалардың өміріне/денсаулығына қауіп төндіретін, оның ішінде өз денсаулығына зиян алып келетін, өз-өзіне қол жұмсау әрекетіне апарып соқтыратын ақпарат» деп белгіледі.

96-кесте

СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША, ҒАЛАМТОРДАҒЫ ҚАНДАЙ АҚПАРАТ ӨТЕ ҚАУІПТІ?
(ата-аналардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Балалардың өміріне/денсаулығына қауіп төндіретін, оның ішінде өз денсаулығына зиян алып келетін, өз-өзіне қол жұмсау әрекетіне апарып соқтыратын ақпарат	139	92,7	135	90,0
Балалардың есірткі, психотроптық немесе басын айналдырып, есінен тандыратын заттар, шылым, алкоголь өнімдерін пайдалану, құмар ойындарға қатысу, жезөкшелікпен айналысу, қаңғыбастық, кайыр сұраумен айналысу қызығушылығын тудыратын ақпарат	109	72,7	117	78,0
Адамдарға немесе жануарларға деген өшпенділікті оятып, жауыздық жасауға итермелейтін, соны насихаттап, осындай әрекеттерді ақтап көрсететін ақпарат	78	52,0	92	61,3
Отбасылық құндылықтарды жоққа шығаратын, дәстүрлі емес жыныстық қатынасты насихаттап, ата-анаға, отбасының басқа да мүшелеріне деген сый-құрметке қарсы насихат жасайтын ақпарат	78	52,0	42	28,0
Порнографиялық сипаттағы ақпарат	61	40,7	46	30,7
Оны түзу жолға салуға қарсы әрекеттерді ақтайтын ақпарат	55	36,7	25	16,7
Былапыт сөздер жазылатын ақпарат	51	34,0	37	24,7
Жауап беруге қиналамын	1	0,7	1	0,7

*Сома 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУ ТЕТІКТЕРІ

Өз құқықтары туралы білу оларды қорғауды қамтамасыз ететін тетіктерді білуді түспалдайды. Балаға құқықтары бұзылған жағдайда құзырлы органдар мен ұйымдарға жүгінудің әдістері мен түрлері қолжетімді болуы тиіс.

Отбасында тұратын респондент балалардың жартысы балалардың құқығы жөніндегі омбудсмен жұмысы туралы білмейді. 28,4% (2-кесінді – 21,3%) - ол туралы естігендері бар. Тек 18,9% респондент «Сіз балалардың құқығы жөніндегі уәкіл (Омбудсмен) жұмысы туралы білесіз бе?» деген сұраққа «иә» деп жауап берді.

97-кесте

СІЗ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ (ОМБУДСМЕН) ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ? (балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	151	18,9	187	23,4
Жоқ	336	42,0	401	50,1
Естуім бар	227	28,4	170	21,3
Жауап беруге қиналамын	86	10,7	42	5,3
Барлығы	800	100,0	800	100,0

Сауалнаманың екінші толқыны кезінде Омбудсмен жұмысы туралы білетін қала және ауыл балаларының пайызы теңесті.

97.1-кесте

СІЗ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ (ОМБУДСМЕН) ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ? (балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
Иә	14,1	22,7	24,8	22,0
Жоқ	42,0	42,0	44,1	56,3
Естуім бар	30,4	26,7	24,0	18,4
Жауап беруге қиналамын	13,5	8,5	7,1	3,3

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде, өз құқықтарын қорғау мәселесі жөніндегі Омбудсменге хабарласатын «111» сенім телефоны туралы 36,3% респондент бала ғана білетін, ал екінші толқынның нәтижесі олардың пайызы едәуір артқанын көрсетті (53,9%).

98-кесте

СІЗ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «111» СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ БАР ЕКЕНІН, ОҒАН ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІМЕН ХАБАРЛАСУҒА БОЛАТЫНЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

(балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	290	36,3	431	53,9
Жоқ	229	28,6	196	24,5
Естуім бар	219	27,4	144	18,0
Жауап беруге қиналамын	62	7,7	29	3,6
Барлығы	800	100,0	800	100,0

Төмен ақпараттылықтың осындай көрінісі келесі сұрақтарға берілген жауаптардан байқалады: «Сіз өз құқыңызды қорғау мақсатында қайда хабарласу керек екенін білесіз бе?» және «Сіздің мектепте немесе сіз тұратын ауыл/кент/қалада Сіздің құқыңыз немесе сіздің құрдастарыңыздың құқығы бұзылғаны туралы хабарласатын сенім телефоны немесе сол жағдай туралы хат жазып қалдыратын жәшік бар ма?». Тек 36,6% респондент құқықтары бұзылған жағдайда қайда хабарласуға болатынын білеміз деген сенімде, және отбасында тұратын респонденттердің жартысы ғана өз елді-мекенінде хат жазып қалдыратын жәшік бар екені туралы біледі. Сауалнаманың екінші толқыны кезінде балалардың құқықтарын қорғау тетіктері туралы ақпараттылықтың артқанын көреміз (56,5%).

99-кесте

СІЗ ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ? (балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	293	36,6	452	56,5
Жоқ	256	32,0	151	18,9
Естуім бар	181	22,6	131	16,4
Жауап беруге қиналамын	70	8,8	66	8,2
Барлығы	800	100,0	800	100,0

Сондай-ақ, сауалнаманың бірінші толқыны кезінде, сенім телефондары мен хат жазып қалдыратын жәшік бар екені туралы 50,6% бала ғана білген болса, екінші толқын кезінде 64,8% бала жоғарыда аталғандардың бар екенін білетінін айтты.

100-кесте

СІЗДІҢ МЕКТЕПТЕ НЕМЕСЕ СІЗ ТҰРАТЫН АУЫЛ/КЕНТ/ҚАЛАДА СІЗДІҢ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗ НЕМЕСЕ СІЗДІҢ ҚҰРДАСТАРЫҢЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАСАТЫН СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ НЕМЕСЕ СОЛ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ХАТ ЖАЗЫП ҚАЛДЫРАТЫН ЖӘШІК БАР МА?

(балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә, бар	405	50,6	518	64,8
Жоқ	98	12,3	95	11,9
Білмеймін	297	37,1	187	23,3
Барлығы	800	100,0	800	100,0

Сауалнамалар анықтағандай, балалардың құқықтарын қорғау тетіктері болғанның өзінде осы тетіктердің мәні, мағынасы және дағдысы балаларға түсіндірілмеген, онысымен осындай тетіктердің тиімділігі мен пайдасын төмендетеді.

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде балалар үйіндегі респондент балалардың 33,5%-ы омбудсмен жұмысы туралы естімеген болса, екінші толқында осылай деп 16,5% бала жауап берді. Балалар үйіндегі респондент

балалардың шамамен 70%-ы омбудсмен жанындағы «111» сенім телефоны туралы біледі.

101-кесте

**СІЗ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ (ОМБУДСМЕН) ЖҰМЫСЫ
ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?** (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	81	40,5	96	48,0
Жоқ	67	33,5	33	16,5
Естуім бар	42	21,0	54	27,0
Жауап беруге қиналамын	10	5,0	17	8,5
Барлығы	800	100,0	800	100,0

102-кесте

**СІЗ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «111» СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ БАР ЕКЕНІН, ОҒАН ӨЗ
ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІМЕН ХАБАРЛАСУҒА БОЛАТЫНЫН
БІЛЕСІЗ БЕ?**

(балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	142	71,0	137	68,5
Жоқ	29	14,5	21	10,5
Естуім бар	26	13,0	37	18,5
Жауап беруге қиналамын	3	1,5	5	2,5
Барлығы	200	100,0	200	100,0

«Сіз өз құқығыңызды қорғау мақсатында қайда хабарласу керек екенін білесіз бе?» деген сұраққа берілген жауаптарда сауалнама жүргізілген тәрбиеленушілер қалыпты отбасында тұратын балалармен салыстырғанда неғұрлым жоғары ақпараттылықты көрсетті (1-кесінді - 67%, 2-кесінді – 76,5%).

103-кесте

**СІЗ ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК
ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?** (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә	135	67,5	153	76,5
Жоқ	33	16,5	14	7,0
Естуім бар	24	12,0	28	14,0
Жауап беруге қиналамын	8	4,0	5	2,5
Барлығы	200	100,0	200	100,0

Балалар үйіндегі респондент балалардың 75,5%-ы (2-кесінді – 80%) өз елді-мекендерінде сенім жәшігі бар екенін біледі.

СІЗДІҢ МЕКТЕПТЕ НЕМЕСЕ СІЗ ТҰРАТЫН АУЫЛ/КЕНТ/ҚАЛАДА СІЗДІҢ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗ НЕМЕСЕ СІЗДІҢ ҚҰРДАСТАРЫҢЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАСАТЫН СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ НЕМЕСЕ СОЛ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ХАТ ЖАЗЫП ҚАЛДЫРАТЫН ЖӘШІК БАР МА?

(балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Иә, бар	151	75,5	160	80,0
Жоқ	13	6,5	18	9,0
Білмеймін	36	18,0	22	11,0
Барлығы	200	100,0	200	100,0

БАЛАЛАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАТЫНАСЫ

Әлеуметтік зерттеу барысында сауалнамаға қатысқан қалыпты отбасында тұратын балалардың жартысынан астамы (1-кесінді - 55%, 2-кесінді – 76,6%) «ерекше талаптары бар балалар» терминін сипаттап беруге қиналды. Балалардың 24,8%-ы (16,4%- 2-кесінді) оларды мүгедектер деп сипаттады, 6,1% - дамуында ауытқулары бар балалар деп жауап берді (1-кесінді). Жауап берген балалардың ширегінің ерекше талаптары бар балалар туралы айқын мағлұматы болмады, және бұл терминді өздерінше түсіндіреді.

СІЗ «ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАР» ДЕГЕН ТЕРМИНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІЗ? МЫНА СӨЙЛЕМДІ АЯҚТАУДЫ ӨТІНЕМІЗ, «ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАР» ДЕГЕН МЕНІҢ ТҮСІНІГІМДЕ...»:

(балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары (респонденттердің сөздерінен жазылып алынды)	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Мүгедектер	198	24,8	131	16,4
Дамуында ақаулары бар балалар	49	6,1	-	-
Бұл өзгеше балалар, олар басқа балалардан ерекшеленеді	23	2,9	-	-
Оларға көбірек көңіл бөлу керек	19	2,4	-	-
Ерке, тәрбиесіз балалар	13	1,6	3	0,4
Қажеттіктері шектеулі балалар	11	1,4	-	-
Мүмкіндіктері шектеулі балалар	8	1,0	-	-
Ата-анасынан көпті талап етеді	6	0,8	-	-
Байлар, мажорлар	6	0,8	-	-
Кедей отбасынан шыққан балалар	4	0,5	-	-
Ерекше балалар	4	0,5	-	-
Жағдайсыз отбасынан шыққан балалар	3	0,4	-	-
Толық дамымаған балалар	2	0,3	-	-
Дарынды балалар	2	0,3	-	-
Психологиялық тұрақсыз балалар	1	0,1	-	-
Олар өздерін жақсы көргенді қалайды	1	0,1	-	-
Олардың бір жері дұрыс емес	1	0,1	-	-
Аутист	1	0,1	-	-

105-кестенің жалғасы

Озат оқушылар	-	-	16	2,0
Көп ақша жұмсайтындар	-	-	1	0,1
Дарынды балалар	-	-	2	0,3
Көмек қажет ететіндер	-	-	10	1,3
Бізге ұқсамайтындар	-	-	5	0,6
Ерекше қатынасты қажет ететіндер	-	-	14	1,8
Олар ауырмайды	-	-	1	0,1
Дарашылдар	-	-	2	0,3
Инклюзивті балалар	-	-	2	0,3
Жауап беруге қиналамын	448	55,8	613	76,6
Барлығы	800	100,0	800	100,0

Осындай балалармен бірлесіп оқуға көзқарасы туралы балалар «жақсы», «жақсы деуге болады» деп жауап берді - 60%. Теріс жауаптар 10%-ға жептейді.

106-кесте

СІЗ ӨЗІҢІЗБЕН БІРГЕ СІЗ ОҚИТЫН СЫНЫПТА ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАР ОҚЫСА, ОҒАН ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Жақсы	332	41,5	396	49,5
Жақсы деуге болады	154	19,3	138	17,3
Бейтарап	251	31,4	233	29,1
Онша емес	42	5,3	19	2,4
Жаман	21	2,5	14	1,8
Барлығы	800	100,0	800	100,0

Негізінен ерекше талаптары бар балалармен бір сыныпта оқуға ұлдар да, қыздар да оң көзқараста екенін айтты.

106.1-кесте

СІЗ ӨЗІҢІЗБЕН БІРГЕ СІЗ ОҚИТЫН СЫНЫПТА ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАР ОҚЫСА, ОҒАН ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Ұлдар	Қыздар	Ұлдар	Қыздар
Жақсы	44,6	38,6	50,2	48,6
Жақсы деуге болады	15,7	22,6	15,9	19,0
Бейтарап	29,6	33,0	28,8	29,6
Онша емес	7,0	3,6	2,4	2,3
Жаман	3,1	2,2	2,7	0,5

Ерекше талаптары бар балалармен бір сыныпта оқуға оң қарайтындар пайызы қала мектептерінің оқушыларына қарағанда ауыл мектептерінің оқушыларының арасында көбірек болды.

106.2-кесте

СІЗ ӨЗІҢІЗБЕН БІРГЕ СІЗ ОҚИТЫН СЫНЫПТА ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАР ОҚЫСА, ОҒАН ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
Жақсы	31,8	49,2	43,3	55,8
Жақсы деуге болады	18,0	20,2	18,3	16,2
Бейтарап	38,9	25,4	33,2	25,0
Онша емес	8,5	2,7	2,0	2,8
Жаман	2,8	2,5	3,2	0,2

Сондай-ақ, ерекше талаптары бар балаларды шеттету тренді байқалмайды, 60% бала ерекше талаптары бар балалармен достасуға оң қарайды, тек 7,7% респондент бала ерекше талаптары бар балалармен достасуға «жаман» және «онша емес» қараймын деп жауап берді.

107-кесте

СІЗ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ДОСТАСУҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?

(балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Жақсы	348	43,5	386	48,3
Жақсы деуге болады	144	18,0	153	19,1
Бейтарап	246	30,8	235	29,4
Онша емес	41	5,1	18	2,3
Жаман	21	2,6	8	1,0
Барлығы	800	100,0	800	100,0

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде ерекше талаптары бар балалармен достасуға теріс қарайтындар қалалық респонденттер арасында басым болды (8,2% және 2,8%). Ал сауалнаманың екінші толқыны кезінде көрініс өзгерді: «онша емес» және «жаман» деп жауап бергендер пайызы күрт төмендегені байқалды.

107.1-кесте

СІЗ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ДОСТАСУҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?

(балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
Жақсы	36,9	48,8	41,3	55,3
Жақсы деуге болады	16,6	19,1	22,5	15,7
Бейтарап	35,5	27,0	33,4	25,3
Онша емес	8,2	2,7	0,7	3,7
Жаман	2,8	2,5	2,1	-

20%-дан астам бала өздерінің достары мен таныстарының арасында ерекше талаптары бар балалар бар екенін белгіледі.

**СІЗДІҢ ДОСТАРЫҢЫЗДЫҢ НЕМЕСЕ ТАНЫСТАРЫҢЫЗДЫҢ ІШІНДЕ ЕРЕКШЕ
ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАР БАР МА?** (балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Бар	163	20,4	185	23,1
Жоқ	577	72,1	615	76,9
Жауап беруге қиналамын	60	7,5	-	-
Барлығы	800	100,0	800	100,0

Балалар үйіндегі респондент балалардың жартысына жуығы «ерекше талаптары бар балалар» терминін толық түсінбейді. Дегенмен, отбасында тұратын балаларға қарағанда неғұрлым нақты жауап береді.

**СІЗ «ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАР» ДЕГЕН ТЕРМИНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІЗ?
МЫНА СӨЙЛЕМДІ АЯҚТАУДЫ ӨТІНЕМІЗ, «ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАР»
ДЕГЕН МЕНІҢ ТҮСІНІГІМДЕ...»: (балалар үйіндегі балалардың жауабы)**

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Даму мүмкіндіктері шектеулі науқас балалар	108	54,0	-	-
Ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар	12	6,0	-	-
Ерекше қабілеттері бар балалар	6	3,0	-	-
Бай балалар	4	2,0	-	-
Көбірек көңіл бөлуді қажет ететін балалар	3	1,5	-	-
Оларға ата-анасының жоғары ықыласы қажет	1	0,5	-	-
Қосымша дағдылары бар балалар	1	0,5	-	-
Мүгедектер, науқастар	-	-	52	26,0
Ауытқулары бар балалар	-	-	6	3,0
Тым көп нәрсені талап ететін балалар	-	-	1	0,5
Тұйық балалар	-	-	1	0,5
Дарынды балалар	-	-	1	0,5
Балалар үйіндегі балалар, жетімдер	-	-	7	3,5
Әлеуметтік көмекті қажет ететін балалар	1	0,5	23	11,5
Жауап беруге қиналамын	64	32,0	109	54,5
Барлығы	200	100,0	200	100,0

Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде, балалар үйіндегі балалар тобында ерекше талаптары бар балалармен бірлесіп оқуға қатысты теріс көзқарас танықтан балалардың саны 10%-дан асқан болса, екінші толқын кезінде олардың саны 3,5% болды.

**СІЗ ӨЗІҢІЗБЕН БІРГЕ СІЗ ОҚИТЫН СЫНЫПТА ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР
БАЛАЛАР ОҚЫСА, ОҒАН ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?**

(балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Жақсы	95	47,5	160	80,0
Жақсы деуге болады	49	24,5	18	9,0
Бейтарап	33	16,5	15	7,5
Онша емес	18	9,0	1	0,5
Жаман	5	2,5	6	3,0
Барлығы	200	100,0	200	100,0

Балалар үйіндегі балалардың ерекше талаптары бар балалармен достасуға қатысты көзқарасы негізінен «жақсы», «жақсы деуге болады» және «бейтарап» деп сипатталды.

111-кесте

СІЗ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ДОСТАСУҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Жақсы	102	51,0	158	79,0
Жақсы деуге болады	47	23,5	13	6,5
Бейтарап	37	18,5	19	9,5
Онша емес	10	5,0	4	2,0
Жаман	4	2,0	6	3,0
Барлығы	200	100,0	200	100,0

Балалар үйіндегі балалардың жартысынан астамының ерекше талаптары бар балалармен қатынасу және тікелей араласу тәжірибесі бар.

112-кесте

СІЗДІҢ ДОСТАРЫҢЫЗДЫҢ НЕМЕСЕ ТАНЫСТАРЫҢЫЗДЫҢ ІШІНДЕ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ БАР БАЛАЛАР БАР МА? (балалар үйіндегі балалардың жауабы)

Жауаптың нұсқалары	1 толқын		2 толқын	
	N	%	N	%
Бар	109	54,5	114	57,0
Жоқ	71	35,5	73	36,5
Жауап беруге қиналамын	20	10,0	13	6,5
Барлығы	200	100,0	200	100,0

Сауалнамаларға қарайтын болсақ, біз ерекше талаптары бар балаларды олардың құрдастары тарапынан айқын шеттету көрінісін байқамаймыз, ерекше талаптары бар балаларға қатысты теріс көзқараста болу тренді көрінбейді. Балалармен жұмыс істейтін мамандар, сондай-ақ балалардың құқықтары саласындағы мамандар инклюзивті білім беруге қарсылық білдіру және теріс қатынаста болу, негізінен, қалыпты отбасындағы ата-аналар тарапынан болатынын айтты. Ата-аналардың көпшілігі инклюзивті білім беруге қатысты сақтығын, қарсылығын және теріс көзқарасын жасырмайды. Сондықтан, Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу ата-аналармен жұмыс істеуге, ата-аналарды және ересек тұлғаларды әлеуметтік ағартуға байланысты болады.

ҚАЗАҚСТАНДА БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ АХУАЛ (САРАПШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ)

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ахуалды анықтау үшін үшінші тоқсанда 50 сарапшылық терең сұхбат және төртінші тоқсанда 50 сарапшылық терең сұхбат жүргізілген болатын. Сұхбат беру кезінде,

балалардың құқықтарын қорғау саласындағы сарапшылар мен мамандар, Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында балалардың құқықтары жақсы көрсетілген екенін атап өтті. Сарапшылардың басым көпшілігінің пікіріне сәйкес, Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңдары әлемдік нормалар мен стандарттарға толық сәйкес келеді. Кейбір сарапшылардың пайымдауынша, осындай сәйкестікке қарамастан, қазақстанның ділдік және мәдени ерекшеліктері ескерілмеген.

Мамандар қалалық балалардың өз құқықтарына, өз құқықтарын қорғау шараларына деген қарқынды қызығушылығын байқады. Сондай-ақ, бірқатар сарапшы, БҒМ оқу орындарында белсенді жүргізетін ақпараттық жұмыстардың арқасында, балалар, ата-аналарына қарағанда өз құқықтары туралы көбірек білетінін айтты.

Сарапшылар сұхбаттасу кезінде қазақстандық қоғамда көптеген заңдар тек декларативтік сипатты қамтитынын атап өтті, және заңдардың болуы мен қолданылуы арасында айтарлықтай алшақтық бар деді.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда балалардың білім алуға және атына қатысты құқықтары бұзылған жағдайлар орын алған. Балаларды тіркемеу салдарынан мектепке бару мүмкіндігінен айырылған жағдайларға кезігуге тура келген. Сарапшылар шағын жинақты мектептер, барлық жердегі мектептердің лық толы болуы, мектептердің үш ауысымда жұмыс істеуге мәжбүр болуы сияқты мәселелерді атады. Білікті кадрлардың жетіспеушілігі жеке аталды. Білім саласындағы бұл мәселелердің барлығы баланың ҚР заңдарымен және БҰҰ конвенциясымен кепілдендірілген құқықтарына әсерін тигізеді.

Жетім балалармен жұмыс істейтін сарапшылар, балалардың жеке меншік тұрғын үйге қатысты құқықтары жиі бұзылатынын атап өтті. Жетім балалардың пәтерлері немесе үйлері мұрагерлерге хабарламай жекешелендірілген немесе сатылған жағдайлар көп. Осылайша балалардың тұрғын үйге қатысты құқығы бұзылған.

Сарапшылар Қазақстанның ауру сезгіш нүктелерінің бірі ретінде толық емес отбасыларды, ажырасулар санының арту мәселесін атады. Бұл құбылыс осы отбасылардағы балалардың психологиялық проблемаларын туындатып қоймай, баланың әл-ауқатына әсерін тигізетін көптеген заңдық және қаржылық проблемаларға әкеп соғады. Ажырасу кезінде баланың атына қатысты құқығы, ата-анасының біреуімен теңдей қарым-қатынас жасау құқығы бұзылады, үй-пәтер жағдайлары нашарлайды. Сарапшылардың айтуынша, ажырасу кезінде балалардың құқығын сақтаудың айқын және нақты тетіктері қажет.

Сарапшылар қолайсыз отбасылардан шыққан балалардың құқықтарына ерекше назар аударады. Уәкілетті органдардың жеткіліксіз келісімділігі осы отбасылардан шыққан балалармен байланыстың үзілуіне жиі әкеп соғады, онысы балалардың заңды құқықтарына әсерін тигізеді.

Ата-аналар мен мектептер тарапынан балалармен байланыстың жоғалуы, балалар мен ересектер арасында сенімді қарым-қатынастың

болмауы балаларға төнетін қауіпке негіз болады. Сарапшылардың пікірінше мамандар, мектептер, ата-аналар өктемшіл бақылау мен жазалау шараларына жол бермей, балалармен тұрақты қарым-қатынас жасап отыруға ұмтылуы тиіс.

Сарапшылар мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін психологтар мен оңалтушылардың төмен кәсіпқойлық жағдайларын атап өтті. Мамандардың пікірінше, республиканың барлық жерінде ерекше талаптары бар балалармен жұмыс істейтін дефектолог, тифлопедагог, музтерапевт, сурдолог және т.б. мамандардың жетіспеушілігі байқалады. Сарапшылар инклюзия мәселесі мен ерекше талаптары бар балалардың білім алу құқықтарына ерекше назар аударды. Ерекше талаптары бар балалар, негізінен, үйден білім алуға немесе арнайы интернаттарда білім алуға ауыстырылады. Сарапшылар инклюзивті сыныптар туралы, ерекше талаптардың сыныптамасы және осындай балаларды инклюзия жағдайларында оқыту кезінде қолданылатын әдістемелер туралы қолжетімді және егжей-тегжейлі ақпараттың жоқ екеніне назар аударды. Аутист балалардың ата-аналарын балаларының білім алуға қабілеті жоқ деп сендіру жағдайлары өте жиі орын алады, онысымен мұндай балалардың білім алу құқығын бұзады. Аутистік спектрі бар балаларды мектептен шығару жағдайлары болады. Сондай-ақ, сарапшылар Қазақстанда аутизмді ертерек анықтаудың жоқ екенін айтып өтті. Ата-аналар аутизм туралы ақпаратты дербес іздеп табады, Денсаулық сақтау министрлігі мен БҒМ тарапынан жүйелік ақпараттық жұмыстар жүргізілмейді. Сарапшылар БҒМ мен Денсаулық сақтау министрлігінің келісімділігі мен өзара іс-қимыл жасауының жоқтығы туралы айтты. Емханаларда логопедтер емдеу жұмыстарын жүргізбей, тек диагностикамен шектелетіні үлкен мәселе болып табылады. Мамандар инклюзивті оқытуға арналған тьюторлар әзірлеу қажет екенін атап өтті.

Балалармен жұмыс істейтін мамандар балалардың құқықтарын қорғау саласындағы қажетсіз салғырттықты, есептілікті талап етуге байланысты қағаз жүзіндегі іс-шаралар саны артып, балаларды құқықтық қорғауды арттыруға бағытталған нақты жұмыс екінші кезекке кететін оқиғаларды атап өтті.

Жалпы, сарапшылар мен мамандар балалардың құқықтарын қорғау саласындағы біртіндеп ілгерілеуді белгіледі, және олардың осы саладағы жағдайдың әрі қарай жақсаратыны турасында сенімі жоқ емес.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Сауалнамалардың бірінші және екінші толқындары балалардың өз құқықтары туралы ақпараттылығының оң серпінін көрсетті. Алайда олардың білімдері үстірт сипатқа ие және бала құқықтарының нақты жағдайлары мен сәттеріне назар аударылмаған.

2. Сауалнаманың бірінші толқынында педагогтардың «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы мен Бала құқықтары туралы конвенция турасындағы төмен ақпараттылығы анықталды, алайда сауалнаманың екінші толқыны бұл көрсеткіштің жоғарылағанын көрсетті. Онысымен, балалардың құқықтарын қорғауға жауапты органдар әзірлеген, педагогтардың құқықтық ағартылуы мен сауаттылығын арттыру шараларының тиімділігін көрсетеді.
3. Жасөспірім шақта, қарқындап өсу кезеңінде балалар қосымша қолдауды қажет етеді. Мамандар мен сарапшылар сұхбаттасу барысында мектеп психологы лауазымының жиі әрекетсіздігі мен декоративтілігін ғана емес, сонымен қатар мектеп психологтарының біліксіздігін де атап өтті.
4. Орта мектептер мен колледждерде балалардың құқықтары бұзылуы мүмкін немесе оларға моральдық-психологиялық зиян келтірілетін қақтығыстарды тәртіпке келтіру мақсатында, Еуропада кеңінен қолданылатын мектептік медиация тәжірибесіне назар аудару қажет.
5. Зерттеу ата-аналардың балалардың құқықтары туралы білімінің жеткіліксіз деңгейін анықтады. Сарапшылар мен мамандардың пайымдауынша, ата-аналар балаларының құқықтарын ерікті немесе еріксіз жиі бұзады, өз балаларына қатысты физикалық, моральдық және эмоциялық зорлық-зомбылыққа жол береді. Ата-аналар осындай ықпал ету шаралары балалардың құқықтарының бұзылуы ретінде қарастырылатыны туралы хабардар болуы тиіс.
6. Мамандар жетім балалардың мүліктік, тұрғын үй құқықтарының бұзылу фактілерін атап өтті.
7. Сауалнаманың бірінші толқыны кезінде балалардың өз құқықтарын қорғау шаралары мен тетіктері туралы хабардарлық деңгейі төмен екені анықталды. Екінші толқынның нәтижелері оң серпінді көрсетті. Бұл сауалнама жүргізілген маусымдарға (демалыс мезгілі, оқу мезгілі), сондай-ақ, оқу орындарының ақпараттық ағарту жұмыстарымен байланысты болуы мүмкін.
8. Ерекше талаптары бар балаларға инклюзивті білім беру балалардың қоғамға бейімделуін жақсартуға бағытталған. Мамандар инклюзияға қарсылық білдіретіндер көбінесе балалардың ата-аналары екенін атап өтті.
9. Сауалнамалар көрсеткендей, балалар дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салты қағидаларының түпкі мәнін түсінбейді. Салауатты өмір салты қағидаларын ұстанбау денсаулыққа төнетін жоғары қауіптермен байланысты іс-қимылдар жататын қауіпті жүріс-тұрысқа әкеп соғады (темекі, алкоголь, есірткі заттары, жыныстық қатынастар кезінде сақтанбау).

10. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы, айқын игіліктермен қатар, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Ғаламторға қолжетімділігі бар жасөспірімдер тап болуы мүмкін неғұрлым кең таралған қауіп-қатерлер: бейтаныс адамдармен кездесу, ересектерге арналған контенттің балалар үшін қолжетімді болуы, баланың психикалық денсаулығына зиян келтіретін бағдарламаларды пайдалану, сондай-ақ, киберқудалау және киберқуғындау. Сандық сауалнамалар көрсеткендей, ата-аналар өз балаларының ғаламтордағы әрекеттерін көбінесе қадағаламайды.

ҰСЫНЫСТАР

1. Балалардың құқықтық білімдерін жақсарту мақсатында, баланың құқықтары туралы материалды ұсынудың түрлі нысандарын қамтитын іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажет.
2. Орта және орта кәсіптік оқу орындарының ғимараттарында сенім телефондары, сенім жәшіктері бар ақпараттық стендтердің міндетті болуы туралы стандарт енгізу қажет. Сондай-ақ, стандарт балалардың құқықтары бұзылған жағдайдағы іс-қимыл жасау алгоритмдері бар ақпараттық стендті қамтуы тиіс.
3. Балалардың психологиялық тұрақтылығы мен жайлылығын жақсарту мақсатында, мектептерде штаттық психологтардың жұмысын күшейту қажет. Кадрлардың біліктілігін тұрақты арттыру, семинарлар мен конференциялар өткізу қажеттігі туындап отыр, олардың барысында психологтар тәжірибе алмасумен шектелмей, мектеп жасындағы балалардың психологиясындағы шешуді қажет ететін өзекті мәселелерді қозғай алады.
4. Балалардың құқықтарын қорғауға жауапты органдарға шетелдік мемлекеттердегі мектеп медиациясы тәжірибесін зерттеу ұсынылады.
5. Халықты құқықтық ағартуға бағытталған ақпараттық кампанияның стратегиясын әзірлеу ұсынылады. Үлкен аудиторияны қамту мақсатында, ақпараттық кампанияны БАҚ-та кеңінен ашу керек: бұқаралық, электрондық, телевизия.
6. Жетім балалардың мүліктік, тұрғын үй құқықтарының бұзылуына жол бермеу, балалардың құқықтарын сақтау мақсатында уәкілетті органдар тарапынан өзара әрекеттесу мен бақылау күшейтілу керек.
7. Инклюзивті білім беруді сәтті енгізу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Ата-аналарға білім берудің осындай үлгісі балаларды төзімділікке, сыйластыққа тәрбиелейтіні туралы,

- сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметке сіңісіп кетуіне ықпал ететіні туралы айтып жеткізу қажет.
8. Қолайсыз жағдайға душар болғандарды қоса алғанда, балалардың құқықтық проблемаларын түсіну үшін, сондай-ақ, олардың амандығына ықпал ету үшін, ЮНИСЕФ қолданатын, Баланың амандығы көрсеткіштері, Балаларды дамыту қоры (АҚШ) 2004 жылы әзірлеген Балалардың амандығы индексінің (Child Well-being Index) көрсеткіштері әдіснамаларын зерделеу ұсынылады. Сондай-ақ, оларды, Қазақстандағы балалардың құқықтарын және амандық деңгейін сақтай отырып, ахуалға жыл сайынғы іріктеме мониторинг жүргізу үшін қолдану ұсынылады.
 9. Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану қағидаларының түпкі мәнін түсіндіру, СӨС және ДТ нормаларын әдеттендіру, денсаулыққа төнетін қауіптерді төмендету мақсатында оқу орындарында түсіндіру және насихаттау іс-шараларын тұрақты өткізіп отыру ұсынылады.
 10. Ата-аналар мен педагогтардың ақпараттылық деңгейін арттыру, сондай-ақ, ғаламтордың кәмелетке толмаған қолданушыларының АКТ-ны қауіпсіз қолдануы бойынша тұрақты шаралар қабылдау ұсынылады. Шаралардың түрі мен мазмұны тыйым салу әдістерімен шектелмей, ғаламтордың кәмелетке толмаған қолданушыларын конструктивтік іс-қимылдарға ынталандыратын тәжірибелер мен ресурстарды дамытуға ықпал етуі тиіс.

**БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ
БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ**

Техникалық редактор АШКЕНОВА Г.Т.
60x90 1/8 форматта.
Офсет қағазы. Офсет баспасы
25 дана таралымы.
«Қазына ұясы» полиграфиясы
Жеңіс даңғылы 47, 7 кеңсе
тел.: +7 /7172/ 38 63 02